

# РӘМІЗДЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ПАТРИОТТЫҚ АКЦИЯ



Сарқылмасын Сыр - Ана!



## БАЙЛАРДЫҢ МҰҚТАЖДАРҒА БІР КӨМЕГІ...

Биыл құрбан айт мейрамы 6 маусым мен 8 маусым аралығына тұспа-тұс келіп отыр. Осыған орай тиісті сала басшылары Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында брифинг өткізді.

**Облыстық дін істері басқармасының басшысы Мира Қазбекова:**

- Қасиетті Құрбан айтқа орай жергілікті атқарушы органдар тарапынан ұйымдастыру жұмыстары басталды. Шаралар ҚМДБ облыстық өкілдігімен бірге атқарылады. Құрбан шалу орындарында санитариялық талаптарды сақтау, діни ахуалдың тұрақтылығына байланысты аймақ басшысы нақты тапсырмалар жүктеді. Бұл күндері қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында жергілікті құқық қорғау органдары тарапынан мешіттер мен белгіленген құрбан шалу орындарында арнайы рейд жұмыстары жүргізіледі. Белгіленбеген жерлерде құрбан шалуға қатаң тыйым салынады.

**“Ақмешіт-Сырдария мешітінің бас имамы Дастан Құрманбаев:**

- Құрбан шалудың үкіміне келетін болсақ, бұл ең алдымен дәулетті мұсылмандарға міндет болып есептеледі. Дәулетті мұсылман дегеніміз - шариғат тілімен айтқанда 85 грамм алтынды құрайтын

артық қаражаты бар мұсылман. Ол бүгінде 2 млн. 746 мың теңгені құрайды. Немесе 40 қой, болмаса 30 сиыр, 5 түйеге жететін малы бар адамдарға құрбан шалу міндет болады. Ал қалған дәрежедегі адамдарға міндет емес. Алайда, өз еркімен сауап алам деген ниетте құрбан шалам десе, әрине қабыл етіледі. Құрбандыққа шалынатын мал түрлері әрине шариғат белгілеген қой,ешкі, сиыр және түйе малдары. Қой 1 жастан асқан, сиыр 2 жастан, ал түйе 5 жастан асқан болуы керек.

**Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Гүлмира Сыздықова:**

- Құрбан айт мейрамы кезінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптар қатаң сақталады. Құрбан шалуға арналған арнайы орындар жергілікті атқарушы органдармен алдын ала белгіленді. Барлық мал сою алаңдарында ветеринариялық және санитариялық бақылау қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, құрбан шалатын адамдардың денсаулығы да басты назарда. Мал соятын немесе соған қатысатын азаматтар дені сау болуы тиіс. Бұл инфекциялық аурулардың алдын алу үшін қойылатын маңызды талаптардың бірі.

**Онлайн шалу мүмкіндігі бар.**

Биыл Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы онлайн құрбан шалуға арналған qurban.mufyat.kz сайтын іске қосыпты. Онлайн түрде құрбан шаламын деушілер сайт арқылы құрбандық малын таңдап, тапсырыс сомасын онлайн төлей алады. Демек құрбан шалу рәсімі онлайн және онлайн форматта қатар жүзеге асырылады.

**Біреуге тапсырыс беріп те құрбан шалуға болады.** Шариғат бойынша бір адам өзінің атынан басқа бір адамды белгілі бір іске уәкіл ете алады. Өйткені адам баласы кейбір жағдайларда бір істі орындауға жарамай қалуы мүмкін. Сонда біреудің көмегіне жүгінеді, яғни, сол істі оған тапсырады, оны өзінің атынан уәкіл етеді.

Мұхаммед Пайғамбар Хаким ибн Хизамға құрбандық сатып алуға тапсырыс берген. Сондықтан, құрбандықты үйінен шықпай біреу арқылы орындауға да болады. Яғни, құрбан шалуға ниет еткен адам өзіне бір сенімді адамды уәкіл етіп тағайындайды да оған құрбандықтың ақшасын беріп, малды сатып алуды, бауыздауды, етін бөлшектеп таратуды тапсыра алады. Шариғатта бұл қарым-қатынас «уакалат» деп аталады.

6-бетте



ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ  
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӨКІЛДІГІ



### ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚҰРБАН ШАЛУ РӘСІМІ ӨТЕТІН ОРЫНДАР

|                   |                                                                                                                |
|-------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ  | «КЗО ЕТ» ҚАСАПХАНАСЫ<br>БЕЛКӨЛ КЕНТІ, КӨКЖИДЕ, 56                                                              |
| ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ | «ҚҰШХАНА», ҚҰРМАНҒАЗЫ, 1                                                                                       |
| ШИЕЛІ АУДАНЫ      | «МАХАНБЕТОВ ЖК», Ы.ЖАХАЕВ АУЫЛЫ,<br>БОҚАЕВ, 425 / «ӘБДИМАНАП БАЗАРЫ» ЖШС<br>САМАРА-ШЫМКЕНТ ТАС ЖОЛЫ, 36        |
| ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ    | «СЕРПІН» ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҒЫ<br>ҚАСАПХАНА: ҚАНАТБАЕВА КҮЛПАШ<br>ҚАСАПХАНА: ЖАРАСБАЕВ ДАСТАН<br>Т.ЖҮРГЕНОВ, 190 |
| ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ   | «ІП БАҒДАТ» САМАРА-ШЫМКЕНТ ТАС ЖОЛЫ<br>БОЙЫНДА ОРНАЛАСҚАН                                                      |
| ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ     | «СӘТ ЖӘНЕ БАУБЕК» МАЛ СОЮ АЛАҢДАРЫ<br>ӘЙТЕКЕ БИ КЕНТІ, Қ.ПРИМОВ ЖӘНЕ<br>Т.БӨРҚҰЛАҚОВ КӨШЕСІ                    |
| АРАЛ АУДАНЫ       | АРАЛ АУДАНЫДЫҚ МЕШІТІ<br>ӘБІЛХАЙЫР ХАН, 5А                                                                     |



ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ  
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӨКІЛДІГІ



### ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ҚҰРБАН ЕТІН ҚАБЫЛДАУ ПУНКТЕРІ

|                   |                                                                                                                                                                                                                 |
|-------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ  | «АҚМЕШІТ-СЫРДАРІЯ» МЕШІТІ (Н.НАЗАРБАЕВ, 11А)<br>«НҰР» МЕШІТІ (ӘБІЛХАЙЫР ХАН, 151)<br>«АЙТБАЙ» МЕШІТІ (Қ.МАХАМБЕТОВ, 33)<br>«МҮСІРӘЛІ АТА» МЕШІТІ (М.САЛАМАТОВ, 15В)<br>«ЫБРАЙЫМ МОЛДА» МЕШІТІ (Б.МОМЫШҰЛЫ, 51А) |
| ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ | ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫДЫҚ МЕШІТІ<br>(ХОРАСАН АТА, 160)                                                                                                                                                               |
| ШИЕЛІ АУДАНЫ      | ШИЕЛІ АУДАНЫДЫҚ МЕШІТІ (С.КӨРІМБАЕВ, 16)                                                                                                                                                                        |
| ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ    | ЖАЛАҒАШ АУДАНЫДЫҚ «ИМАНҚҰЛ» МЕШІТІ<br>(АБАЙ, 37А)                                                                                                                                                               |
| ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ   | ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫДЫҚ «ҚАРМАҚШЫ АТА»<br>МЕШІТІ (ҚАРМАҚШЫ, 1)                                                                                                                                                       |
| ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ     | ҚАЗАЛЫ АУДАНЫДЫҚ «ЖАНҚОЖА БАТЫР» МЕШІТІ<br>(Ж.НҰРМУХАММЕДҰЛЫ, 89)                                                                                                                                               |
| АРАЛ АУДАНЫ       | АРАЛ АУДАНЫДЫҚ МЕШІТІ (ӘБІЛХАЙЫР ХАН, 5А)                                                                                                                                                                       |

## БАСШЫНЫҢ ОРНЫН БАСТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге орай мәжіліс өтті. Онда «Қазпошта» акционерлік қоғамы төрағасының



бұйрығымен Қызылорда облыстық филиалы директоры қызметіне тағайындалған **Ізтілеуова Айзат Өмірзаққызы** таныстырылды.

Облыс әкімі жаңа басшының қызметіне сәттілік тілеп, халыққа қызмет көрсету сапасын одан әрі арттыруды, аудандар мен ауылдарда пошталық, қаржылық және логистикалық қызметтерді тиімді іске асыруды тапсырды.

Ізтілеуова Айзат Өмірзаққызы 1972 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қазақ мемлекеттік басқару академиясында «экономист» мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын 1995 жылы жылу-электр орталығында бухгалтер ретінде бастаған.

Өр жылдары жеке серіктестіктерде, «Қазпошта», «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамдарында жауапты қызметтер атқарған. 2018 жылдан осы күнге дейін «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы директорының орынбасары қызметін атқарды.

## МИНИСТРЛІКТЕН КЕЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен кадрлық өзгерістерге қатысты мәжілісте Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы лауазымына тағайындалған **Айтымбетова Ләззат Қанибайқызы** таныстырылды.



Осыған дейін аталған департамент басшысы болған Байменова Ғалия Абсәдқызы зейнет жасына жетіп, құрметті еңбек демалысына шықты.

Облыс әкімі Ләззат Қанибайқызының жаңа қызметіне сәттілік тілеп, бірқатар міндет жүктеді. – «Жаңа басшыға медициналық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау функцияларын атқаруды, дерілік заттар мен медициналық бұйымдар айналысын қатаң бақылауды тапсырамын», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Айтымбетова Ләззат Қанибайқызы 1974 жылы Қармақшы ауданында дүниеге келген. Шымкент мемлекеттік фармацевтикалық институтында «провизор», Орталық Азия университетінде «қаржы және несие» мамандықтары бойынша білім алған. Еңбек жолын 1996 жылы Қызылорда қалалық перзентханасында дәріхана провизоры ретінде бастаған.

Өр жылдары Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінде, облыстық денсаулық сақтау басқармасында, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында жауапты қызметтер атқарған. 2024 жылдан осы күнге дейін Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінде басшылық лауазымдарда абыройлы қызмет етті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылордадағы «Рәміздер алаңында» 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күніне арналған жалпыұлттық патриоттық акция өтті.

Мерекелік іс-шараға облыстық мәслихат төрағасы, облыс әкімінің орынбасарлары, құқық қорғау органдарының басшылары, облыстық қоғамдық кеңес төрағасы, зиялы қауым, саяси партиялар, этномәдени бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

Салтанатты шара театр актерлері мен облыстық филармонияның аралас хорының, «Ай-ару» би ансамблінің «Алаштың асқақ арманы» қойылымымен басталды.

**Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:**

## ҰЛТ РӘМІЗДЕРІ – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ КИЕЛІ БОЙТҰМАРЫ

Ұлт рәміздері – Тәуелсіздігіміздің киелі бойтұмары. Елтаңба, Ту және Өнұран – мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі. Қастерлі нышандарымыз Қазақстанның егемен ел, еңселі жұрт екенін жер жүзіне әйгілейді. Байрағы биік елдің рухы асқақ болады. Сондықтан біз осы мейрамға орай жыл сайын көк Туымызды биікке көтереміз. Бабаларымыз «Туынды тік ұста!» деп өсиет қалдырды. Осы аманатқа адал болу – баршаға ортақ парыз. Бүгінде көк байрағымыз қастерлі Отанымыз – Қазақстанның бейбіт аспанында желбіреп тұр. Оны кейінгі ұрпаққа табыстау – қасиетті борыш.

*Елордадағы «Атамекен» этномемориалды кешенінде өткен Мемлекеттік ту көтеру рәсімінен*

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жиналған жұртшылықты құттықтап, тәуелсіз еліміздің өркендеу тарихындағы мемлекеттік рәміздердің маңыздылығын атап өтті.

– «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Көк байрағымыз – мызғымас мемлекеттіліктің белгісі. Елтаңбамыз – азаттықтың айшықты көрінісі. Өнұранымыз – еркіндік пен елдіктің үні. Тәуелсіздіктің осы үш символы халқымызға ерекше рух береді. Өрқайсымыздың кеудемізге мақтаныш ұялатады», – деген болатын. Рәміздердегі әрбір нышан халқымыздың өткені мен бүгінін бағамдап, келешекке ұмтылған адал ниетімізді, байыпты мақсатымызды айшықтайды. Біздің мемлекеттік рәміздеріміз Қазақстанды күллі әлемге бейбітшілік пен татулықтың символы ретінде дәріптеуде. Бүгінде Көк туымыз халықаралық ареналарда, әлемдегі алпауыт ұйымдардың төрінде Тәуелсіз Қазақстанды танытып келеді.

Билығы жыл Мемлекет басшымыздың бастамасымен «Жұмысшы мамандықтар жылы» болып жарияланды. Бұл бастама – тек атаулы жыл емес, қарапайым еңбек адамдарына деген шынайы құрмет. Кез келген өндірістің, кәсіпорынның немесе инфрақұрылым саласының дамуы алдымен шебер жұмысшылардың еңбегіне байланысты. Еңбек адамын дәріптеу біртұтас қоғам мен жас ұрпақтың тәрбиесі үшін аса маңызды.

Елтаңбамыз еңселі, туымыз тұғырлы, Өнұранымыз айбынды болғай! Тәуелсіз Қазақстанымыз жасай берсін!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Шара барысында хордың сүйемелдеуімен Мемлекеттік Гимн жанды дауыста шырқалып, жас өнерпаздар мен жергілікті өңшілер патриоттық өндер орындады. Содан кейін 10 автокөлік пен 35 велошеруші қала көшелерімен шеру жасап өтті.

Патриоттық акция аясындағы тағы бір шара ипподромда өтті. Ат құлағында ойнаған шабандоздар Мемлекеттік туды биікте желбіретіп, батыр бабалар рухын көтерген дәстүрді жаңғыртты.

## КӨК ПЕН ЖЕРДІ БАЙЛАНЫСТЫРҒАН БАЙҚОҢЫР

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Роман Скляр «Байқоңыр» ғарыш айлағы мен қаласының 70 жылдық мерекесіне орай Байқоңырға жұмыс сапарымен келіп, «Роскосмос» МК бас директоры Дмитрий Бакановпен кездесті.

Кездесуде «Бәйтерек» жобасын жүзеге асыру барысы, алдағы жоспар талқыланды. Роман Скляр «Роскосмос» МК бас директорының халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Сергей Савельевті II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттаса, Дмитрий Баканов ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мадиевке «Космос без границ» медалін табыстады.

Баскосудан кейін қонақтар «Бәйтерек» ғарыш зымыран кешенінің құрылыс жұмыстарымен арнайы танысты.

Қызылорда облысының әкімдігі Байқоңыр қаласының объектілерін тиімді пайдалану үшін нысандарды жалдан шығару бағытында тұрақты жұмыс жүргізуде. Тұрғын үй мәселесін шешу үшін «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 50 пәтерлік бес тұрғын үйдің құрылысын аяқтады. Жана 7 «А» шағын ауданы құрылды. Қазіргі уақытта тағы бес тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде.

Қаланың сумен жабдықтау және су бұру желілері жалдан шығарылып, облыстық коммуналдық меншікке беріліп, 11,4 шақырым кәріз желілері жөнделді. Мұнда қазақстандық 5 мектеп, 5 балабақша, Байқоңыр қаласының әкімшілігіне қарасты 7 мектеп, 10 балабақша бар.

\*\*\*

Байқоңырдағы «Десятилетие» стадионында Байқоңыр қаласының және ғарыш айлағының 70 жылдығына орай мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Шара Байқоңыр кешеніндегі 14 ұйым мен мекеме ұжымдарының шеруімен басталды. Одан кейін екі елдің Мемлекеттік Гимндері орындалып, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Президенті Владимир Путиннің бейнеқұттықтаулары көрсетілді.

Үкімет басшысының бірінші орынбасары Р.В.Скляр Байқоңыр – ғарышқа жол ашқан мекен, мерейтой Қазақстан мен Ресей арасындағы достық пен ынтымақтастықтың, ғылым мен техниканың жетістіктерінің жарқын көрінісі екенін айтты.

Мерекеді қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық салалардағы ерен еңбегі үшін Бауыржан Момышұлы атындағы II дәрежелі «Айбын» орденімен ҚР ІІМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігі бастығының орынбасары Ермек Исқаков, II дәрежелі «Достық» орденімен Байқоңыр қаласы әкімшілігі басшысының орынбасары Николай Адаев, «Күрмет» орденімен дәрігер Карасай Нұров, әкімшілік қызметкері Скендір Жарекесов, Мәдениет сарайының көркемдік жетекшісі Ғалия Жалғасбаева, «Ерен еңбегі үшін» медалімен облыс әкімі аппаратының бөлім басшысы Жан Шайхысламов, «Байқоңырэнерго» кәсіпорны бас инженерінің орынбасары Ғалымжан Жұмабаев, «Шапағат» медалімен Аналар кеңесінің төрайымы Кенішкүл Есжанова марапатталды. Сондай-ақ, бірнеше адам «Байқоңыр қаласының Құрметті азаматы» атағына ие болды.

## ҚР Үкіметінің 2014 жылдың 24 ақпанындағы №138 қаулысы негізінде Ақсуат ауылдық округіндегі жаңадан ашылған бірнеше көшелерге атау беру мақсатында көше тұрғындарының қатысуымен өткен жиынның ХАТТАМАСЫ

Ақсуат ауылдық округі 30 мамыр 2025 жыл сағ: 10-00

**Жиналысқа қатысқандар:** Ардагерлер кеңесінің төрағасы, мүшелері, Ақсуат ауылдық округінің тұрғындарының саны – 36 адам

**Күн тәртібінде:**

1. Ақсуат ауылдық округіндегі жаңадан ашылған бірнеше атаусыз көшелерге атау беру туралы.

2. Пікір алмасу

**Тыңдалды:**

Жиналысқа Ақсуат ауылдық округінің әкімі Н. Бакытов ашып, күн тәртібінде талқыланатын мәселемен таныстырды.

1. **Ақсуат ауылдық округінің әкімі Н.Бакытов:** Бүгінгі жиынның күн тәртібінде ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулы талаптарын сақтай отырып, Ақсуат ауылдық округіндегі жаңадан ашылған бірнеше көшелерге атау беру мақсатында халықтың пікірлерін ескере отырып, ауылымыздағы бірнеше атаусыз көшелерге Төлепбайұлы Ермектің, Қорғанбеков Жаманның және Байқуатов Байқадамның есімдерін беру туралы ұсынысын айтты.

2. **Ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Белгібаев:** Ауылымыздағы жаңадан ашылған көшелерді Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен Еңбек ардагерлерінің есімдерімен атасак келешек ұрпаққа үлгі болар еді. Бірнеше атауы жоқ көшелеріміз санмен емес есімдермен аталатынына ризашылығымды білдіремін.

3. **Ауыл тұрғыны Қ.Рүстембеков:** Президентіміздің парасатты саясаты негізінде, Қазақстан Елі рухани дамыған үлкен мемлекетке айналды. Бұл көшелерде жас отбасылар жер алып, жаңа тұрғын үйлер соғылып жатыр. Жастарымызға үлгі ретінде аталған кісілердің есімдерімен атауға келісеміз.

**ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ақсуат ауылдық округіндегі жаңадан ашылған бірнеше көшелерге атау беру мақсатында халықтың пікірлерін ескере келе бірнеше атаусыз көшелерге Төлепбайұлы Ермектің, Қорғанбеков Жаманның және Байқуатов Байқадамның есімдері берілсін.

2. Осы хаттаманың орындалуы бас маман Н.Садирбаевтан сұралсын.

**Жиналыс төрағасы: Н.БАКЫТОВ**  
**Жиналыс хатшысы: Х.АРЫСБАЕВА**

## ҚР Үкіметінің 2014 жылдың 24 ақпанындағы №138 қаулысы негізінде Талсуат ауылдық округіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында көше тұрғындарының қатысуымен өткен жиынның ХАТТАМАСЫ

Талсуат ауылдық округі 30 мамыр 2025 жыл сағат 10:00

**Жиналыс төрағасы:** Ө.Қасымов –Талсуат ауылдық округінің әкімі міндетін атқарушы;

**Жиналыс хатшысы:** Ж.Кәдірова– маман;

**Жиналысқа қатысқандар:** Қоғамдық кеңес төрағасы,мүшелері, ардагерлер кеңесінің төрағасы, Талсуат ауылдық округінің тұрғындары.

**Барлығы** – 35 адам.

**Күн тәртібінде:**

1. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігінен алдын-ала қолдау тапқан Талсуат ауылындағыатаусыз бос көшелерге–Құмкөл, Дүйсенбаев Пірімжан, Дөненбаев Әділбек, Нұрпейсов Саду, Ахметов Құдайберген есімдерін беруді қарау туралы.

2. Пікір алмасу.

**Тыңдалды:**

Жиналысты Талсуат ауылдық округінің әкімі міндетін атқарушы Ө.Қасымов ашып, күн тәртібінде талқыланатын мәселемен таныстырды.

**Талсуат ауылдық округінің әкімі міндетін атқарушы О. Қасымов:-** Бүгінгі жиынның күн тәртібінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 24 ақпанындағы №138 қаулы талаптарын сақтай отырып, Талсуат ауылдық округіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында халықтың пікірлерін ескере отырып, ауылдағы көшелерге атау беру және қайта атау

туралы жеке тұлғалардан келіп түскен ұсынысты төмендегідей мәлімдеді:

1) Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Талсуат ауылдық округі бойынша қолдау тапқан атаусыз көшелерін – Құмкөл, Дүйсенбаев Пірімжан, Дөненбаев Әділбек, Нұрпейсов Саду, Ахметов Құдайберген есімдерімен атау туралы ұсынысын айтты.

Б. Қуанышбаев – Ардагерлер кеңесінің төрағасы: Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен еңбек ардагерлерінің есімімен көшелерді атасак келешек ұрпаққа үлгі болар еді. Ауылымызда қаншама Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл және еңбек ардагерлері болды. Елді мекендегі көшелердің атауы ардагерлердің есімімен аталса ризашылығымызды білдіреміз.

Талсуат ауылдық округінің тұрғындары жоғарыда ұсынылған көшелердің атауы мен тұлғалардың еңбек жолдарымен танысып, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігінен алдын – ала қолдау тапқан атаусыз көшеге жаңадан атау беруге келіп түскен ұсынысқа толықтай келісетіндігі туралы бір ауыздан қолдау білдіріп, шешім етті. Қарсы – жоқ, қалыс – жоқ.

**ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық кеңес жиналысына қатысқан тұрғындардың пікірін талқылай келе құрамдас бөліктерге атау беру барысында ұсынылған тұлғалар атауларына қолдау білдіре отырып, тиісті заңдылықтарға сәйкес қажетті құжаттары дайындалып, Қызылорда қаласы әкімдігі жанындағы ономастикалық жұмысшы тобының қарауына ұсынылсын.

2. Осы хаттаманың орындалуы ауыл округінің әкімі міндетін атқарушы Ө. Қасымовтан сұралсын.

**Жиналыс төрағасы: Ө. ҚАСЫМОВ**  
**Жиналыс хатшысы: Ж. КӘДІРОВА**

## ҚР Үкіметінің 2014 жылдың 24 ақпанындағы №138 қаулысы негізінде Ақжарма ауылдық округіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында көше тұрғындарының қатысуымен өткен жиынның ХАТТАМАСЫ

Ақжарма ауылдық округі 30 мамыр 2025 жыл сағат 10:00

**Жиналыс төрағасы:** Ө. Мусабаяв – Ақжарма ауыл округінің әкімі міндетін атқарушы;

**Жиналыс хатшысы:** А.Дуйсенбаева – маман;

**Жиналысқа қатысқандар:** Қоғамдық кеңес төрағасы мен мүшелері, ауыл тұрғындары.

**Барлығы** – 32 адам.

**Күн тәртібінде:**

1. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігінен алдын-ала қолдау тапқан Ақжарма ауыл округіне қарасты Баймұрат батыр ауылындағы атаусыз бос көшесіне Мұратбаев Еспенбет есімін беруді қарау туралы.

2. Пікір алмасу.

**Тыңдалды:**

Жиналысты Ақжарма ауылдық округінің әкімі міндетін атқарушы Ө. Мусабаяв ашып, күн тәртібінде талқыланатын мәселемен таныстырды.

**Ақжарма ауылдық округінің әкімі міндетін атқарушы Ө.Мусабаяв:-** Бүгінгі жиынның күн тәртібінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 24 ақпанындағы №138 қаулы талаптарын сақтай отырып, Ақжарма ауыл округіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында халықтың пікірлерін ескере отырып, Баймұрат батыр ауылындағы көшелерге атау беру және қайта атау туралы жеке тұлғалардан келіп түскен ұсынысты төмендегідей мәлімдеді:

1) Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Ақжарма ауылдық округі бойынша қолдау тапқан атаусыз көшесін – Мұратбаев Еспенбетесімімен атау туралы ұсынысын айтты.

**Ақжарма ауылдық округінің Баймұрат батыр ауылы тұрғындары жоғарыда ұсынылған көшеің** атауы мен тұлғаның еңбек жолдарымен танысып, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат министрлігінен алдын – ала қолдау тапқан атаусыз көшеге жаңадан атау беруге келіп түскен ұсынысты толықтай келісетіндігі туралы бір ауыздан қолдау білдіріп, шешім етті. Қарсы – жоқ, қалыс – жоқ.

**ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық кеңес жиналысына қатысқан тұрғындардың пікірін талқылай келе құрамдас бөліктерге атау беру барысында ұсынылған тұлғалар атауларына қолдау білдіре отырып, тиісті заңдылықтарға сәйкес қажетті құжаттары дайындалып, Қызылорда қаласы әкімдігі жанындағы ономастикалық жұмысшы тобының қарауына ұсынылсын.

2. Осы хаттаманың орындалуы ауыл округінің әкімі міндетін атқарушы Ө. Мусабаявтан сұралсын.

**Жиналыс төрағасы: Ө. МУСАБАЕВ**  
**Жиналыс хатшысы: А.ДУЙСЕНБАЕВА**

# ЖОЛ—КӨЛІК ОҚИҒАСЫН САРАПТАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

# САРАПТАМА ҚАЛАЙ ЖАСАЛАДЫ?

ҚР Конституциясында ең басты қазына адам және оның өмірі болып табылады деп көрсетілгендей, адам өмірін қорғау жолында Республикалық құқық қорғау органдары соңғы кездері біршама жұмыстар атқаруда. Аталған органдардың бастамашылығымен «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР кодексіне» ҚР Заңына енген қосымшалар мен өзгертулер өз нәтижелерін бере бастады. Жүргізушілердің жауапкершілігі күшейтіліп, жол-көлік оқиғалары өткен жылдармен салыстырғанда едәуір төмендеді.

Жол-көлік оқиғасы жағдаяттары /ЖКОЖ/ мен көлік құралдары сот сараптамасы /КҚСС/ күрделілік жағынан жай, орташа, күрделі және аса күрделі болып төртке бөлінеді.

Жол-көлік оқиғасы мен көлік құралдары жағдаяттарының сот сараптамасы жол-көлік оқиғасына қатысты қылмыстық, әкімшілік, азаматтық істер бойынша аса қажетті дәлдеме түрі болып табылады. Және де басқа дәлдемелермен қатар жол-көлік оқиғасы жағдаяттары мен көлік құралдары сот сараптамасы арқылы ЖКО-ның жасалу түрі анықталады (жауу жүргіншіні қағып кетуі, көлік құралының ауударылуы, көлік құралдарының соқтығысуы және т.б).

Жол-көлік оқиғасы жағдаяттары мен көлік құралдары (бұдан былай – ЖКОЖ мен КҚСС) сот сараптамасы – бұл жол-көлік оқиғасының (ЖКО) механизмі туралы нақты жағдаяттарды, көлік құралдарының техникалық ахуалын, ЖКО

болған жердің жол жағдайын және оқиғаға қатысушылардың іс-әрекетін, сондай-ақ өзінің арнаулы ғылыми білімдеріне сәйкес ЖКО-н зерттеу процесінде сарапшы анықтайтын оқиғаның пайда болуына себепші болған жағдаяттарды зерттеуге бағытталған ғылыми-практикалық қызмет саласы.

Жол-көлік оқиғасы туралы істерді жүргіз-генде және тергегенде ең алдымен техникалық құралдарды пайдалануы, оның техникалық күйі, жол-көлік оқиғасының механизмі, жол-көлік оқиғасына қатысушылардың іс-әрекеттері және т.б. мән жойларды анықтау туралы сұрақтар туындайды.

Жол-көлік оқиғасы жағдаяттары мен көлік құралдары сот сараптамасының негізгі шешетін сұрақтары ҚР ӘМ 2017 жылғы 27 сәуіріндегі №484 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамасы органдарында сот сараптамалары мен зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу қағидалары туралы Нұсқаулықта көрсетілген.

ЖКО мен КҚССЖ міндеттері: ЖКО-ның пайда болуы мен дамуы жағдаяттарын зерттеу, ЖКО болған орынның жағдайын зерттеу, ЖКО-на қатысушылардың іс-әрекеттерінің, КҚ-ның техникалық қауіпсіздік нормалары мен пайдалануына сәйкестігі анықтау болып табылады.

**С.С.ЖЕНСІКБАЕВ**  
**Қызылорда облысы бойынша**  
**Сот сараптамалары институтының**  
**Бас сарапшысы**

Жол-көлік оқиғасы (бұдан – әрі «ЖКО») жағдайларын сот – сараптамалық зерттеуіне жол-көлік ахуалдарын сараптамалық зерттеу, ЖКО барысындағы КҚ, өзге объектілердің және жүргіншілердің қозғалыс параметрлерін есептеу, сондай-ақ жүргізушінің әрекеттері мен мүмкіндіктерін талдау кіреді.

Жол – көлік оқиғасы жағдайларын сот – сараптамалық зерттеуінің мәні – ЖКО жағдаяттары, КҚ жүктемесі, техникалық күйі, оның қозғалыс жылдамдығы, жолдың жүру бөлігінің төсеніші, оның күйі, көлденең және ұзына бойғы сұлбасы, КҚ қозғалысының режимі және тағы басқа туралы нақты деректер.

ЖКО жағдайларын сот - сараптамалық зерттеудің шеңберінде келесідей біршама міндеттер шешіледі, яғни КҚ қозғалысының жылдамдығын анықтау, КҚ тежеу және тоқтау жолын, сондай-ақ тоқтау уақытын анықтау, тергеудің (соттың) сұраған кезеңіндегі ЖКО орнын КҚ, жүргіншіні және өзге де объектілерді алып

## «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығы негізінде Қызылжарма ауылдық округіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында көше тұрғындарының қатысуымен өткен жиынның ХАТТАМАСЫ

Қызылжарма ауылдық округі 30 мамыр 2025 жыл Сағ: 12-00

**Жиналыс төрағасы:** Ш.Әбдірахманов – Қызылжарма ауылдық округінің әкімі.

**Жиналыс хатшысы:** Ж.Бекетаева – жетекші маман.

**Жиналысқа қатысқандар:** Қоғамдық кеңес төрайымы, мүшелері, арда-герлер кеңесінің төрағасы, Қызылжарма ауылдық округінің тұрғындары.

**Барлығы** – 35 адам.

**Күн тәртібінде:**

1. Қызылжарма ауылдық округіндегі шартты атаудағы №29, Қызыл-жарма – 3 т/а, атаусыз көше, №34, №33, Қызылжарма – 3 т/а, атаусыз көше, №20, №31, №28, №16 көшежәне идеологиялық тұрғыдан атау беру туралы.

2. Пікір алмасу.

**Тыңдалды:**

Жиналысты Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Ш. Әбдірахманов ашып, күн тәртібінде талқыланатын мәселемен таныстырды.

1. **Ш.Әбдірахманов – Қызылжарма ауылдық округінің әкімі:** Бүгінгі жиынның күн тәртібінде «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 211 бұйрығының талаптарын сақтай отырып, Қызылжарма ауылдық округіндегі құрамдас бөліктерге атау беру мақсатында халықтың пікірлерін ескере отырып ауылымыздағы көшелерге атау беру және қайта атау туралы жеке тұлғалардан келіп түскен ұсынысты төмендегідей мәлімдеді:

1) №29 көшесін – Мелетбай Базарбаев есімімен;

2) Қызылжарма-3 тұрғын ауданы, атаусыз көшені – Бекмағанбет Бейісбаев есімімен;

3) №34 көшесін – Убайдулла Есжанов есімімен;

4) №33 көшесін – Ермағанбет Баймағанбетов есімімен;

5) Қызылжарма-3 тұрғын ауданы, атаусыз көшені – Оразалы Түлебаев есімімен;

6) №20 көшесін – Сарсембай Анкаков есімімен;

7) №31 көшесін – Нұрқаш Досжанов есімімен;

8) №28 көшесін – Шәкірбек Қожамқұлов есімімен;

9) №16 көшесін – Өтеубай Ордабаев есімі атауларымен қайта атау және атау беру туралы ұсынысын айтты.

**Қызылжарма ауылдық округінің тұрғындары жоғарыда ұсынылған көшелердің атаулары мен тұлғалардың еңбек жолдарымен танысып жаңадан атау беруге келіп түскен ұсыныстарға толықтай келісетіндігі туралы бір ауыздан шешім етті.**

**ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық кеңес жиналысына қатысқан тұрғындардың пікірін талқылай келе құрамдас бөліктерге атау беру барысында ұсынылған тұлғалар атауларына қолдау білдіре отырып, тиісті заңдылықтарға сәйкес қажетті құжаттары дайындалып, Қызылорда қаласы әкімдігі жанындағы ономастикалық жұмысшы тобының қарауына ұсынылсын:

2. Осы хаттаманың орындалуы ауыл әкімі Ш.Әбдірахмановтан сұралсын.

**Жиналыс төрағасы Ш. ӘБДІРАХМАНОВ**  
**Хатшы Ж. БЕКЕТАЕВА**

# ЖОЛ—КӨЛІК ОҚИҒАСЫН САРАПТАМАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

тастауды анықтау, тергеудің (соттың) сұраған кезеңіндегі тежеу және айналып өту жолымен ЖКО алдын алудың техникалық мүмкіндігін анықтау, ЖКО әртүрлі кезеңіндегі КҚ өзара орналасуын анықтау, КҚ жолдың нақты бөліктерін жүріп өту уақытын анықтау.ЖКО алдын алу жөніндегі шұғыл шаралар қабылдауды талап ететін қозғалыс үшін қауіпті жағдайдың (кедергіні соғу, КҚ соқтығысу, аударылып кету және тағы басқа) туындау сәтін анықтау, егер бұл ретте тиісті есептеулер, модельдеу және эксперименттер жүргізу үшін арнайы танымдар қажет болса,жүргізушінің ЖКО алдын алуға әлі техникалық мүмкіндігі болған сәттегі КҚ мен кедергінің өзара орналасуын анықтау,қозғалыс үшін қауіп туындаған сәттен бастап жүргізушінің КҚ басқару жөніндегі тап қандай әрекеттері ЖКО алдын алуы мүмкін еді,сараптаманы тағайындаған орган көрсеткен сәттегі жүргізушінің оқиғаны болдырмау үшін ЖЖЕ сол немесе өзге тармақтарында белгіленген

әрекеттерді жасауға техникалық мүмкіндігін анықтау, ЖКО жасауға мүмкіндік туғызатын жол қозғалысын ұйымдастырумен байланысты болатын себептер жағдайларды анықтау және т.б. ЖКО туралы қылмыстық істе себепті байланысты зерттеу оңай емес, ол негізінен түрлі күш пен құбылыстардың өзара әрекеті, яғни жүргізушінің әрекеті, велосипедшілер мен жаяу жүргіншілердің тәртібі, көлік құралдарының техникалық ерекшеліктері немесе ақаулары, жол жабынының жай-күйі, т.б.

Бұл жоғарыда аталған міндеттерді шешуде автотехник-сарапшыдан басқа ешкім,ЖКО қатысушылар мен ЖКО жағдай-лары арасындағы өзара байла-ныстың бар-жоқтығын кәсіби деңгейде анықтай алмайды. Алайда сарапшы қорытындысын-да ЖКО орын алған жағдайдағы жүргізушінің іс әрекетін құқықтық бағалау орын алмайды.

**Дайындаған А.ЕНСЕБАЕВ**  
**Қызылорда облысы бойынша**  
**Сот сараптамасы**  
**институтының аға сарапшысы**

| МЕНШІК ИЕСІ:                                 | Редакцияның мекен-жайы:             | (E-mail: a_akshamy@mail.ru)                                                                                            | ТАРАЛЫМЫ: 4000                                                                                                            | Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. |
|----------------------------------------------|-------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|
| «Желтоқсан и К» ЖШС                          | Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1 | Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінен тіркеліп                                               | Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды. | Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.                                    |
| Бас редактор Жерсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА  | Телефон: 23-16-08 23-16-11          | №14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж | <b>Мекен-жайы:</b> Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49                                                            | Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.        |
| Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН |                                     | Газет аптасына бір рет жарық көреді                                                                                    | <b>Таралу аумағы:</b> Қазақстан Республикасы <b>Тапсырыс</b>                                                              | Сурет сапасына редакция жауап бермейді                                                 |

# ЖАЗЫҚСЫЗ ҚҰРБАНДАРДЫ ЕСКЕ АЛДЫҚ

Қызылордадағы саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш маңында тарихтағы зұлмат жылдарды еске алу шарасы өтті.

Жазықсыз жапа шеккен боздақтардың рухына тағзым етуге облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, зиялы қауым өкілдері, қоғам белсенділері, ардагерлер, жастар ұйымдарының мүшелері жиналды.



Ескерткішке гүл шоқтары қойылып, бір минут үнсіздік жарияланды. Аға буын өкілдері жастарды тарихқа терең бойлауға, азаттықтың бағасын ұғынуға шақырды. Зобалаң жылдардың зардабын ұмытпай, өткеннен сабақ алу болашақ үшін маңызды екенін атап өтті.

Халқымыздың тарихындағы қасіретті кезең құрбандарын ақтау мақсатында еліміз тәуелсіздік алған соң, яғни 1993 жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды.

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді. Сол бір қилы кезеңде Қазақстанда миллиондаған адам жер аударылды, жүз мыңдай адам қуғын-сүргінге ұшырады. Жазықсыз жазаланғандардың қатарында ұлт зиялылары да бар.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия ауқымды жұмыс атқарып, жазықсыз жазаланғандардың адал есімін жарыққа шығарды.

## ОРТАҚ ЖЕРДІ ЗАҢСЫЗ ИЕМДЕНУГЕ БОЛМАЙДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тұрғындардың жүріп-тұруына кедергі келтіретін, шаһардың көркін бұзатын заңсыз құрылыстарға қатысты нақты тапсырма берген болатын. Тапсырмаға сәйкес облыс аумағында рұқсатсыз салынған құрылыс нысандарын анықтап, заң аясында тиісті шаралар қабылдау үшін арнайы комиссия құрылып, жұмысын бастады.

Комиссия жүргізген тексерістер кезінде және белсенді тұрғындардың атсалысуымен сәулет талаптарын сақтамау, тротуарларды заңсыз қоршау, абаттандыру қаридаларын бұзу сияқты бірқатар заңбұзушылықтар анықталуда.

Атап айтқанда Желтоқсан көшесі,

№22 мекен-жайындағы 17-18-пәтер тұрғын емес үй-жай ретінде тіркеліп, дүкен ашуға рұқсат алған. Алайда нысан иесі жобадан ауытқып, тротуарды заңсыз қоршап, мемлекеттік жерді иемденген. Бұл әрекетімен жаяу жүргіншілер жолын тарылтып, санитарлық талаптарды бұзған. Аталған нысанға аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес қала әкімі жауапты мамандармен барып, қоршауды алу жұмыстары жүргізілді. Меншік иесіне Заңға сәйкес құзырлы органдар тиісті шарасын көретін болады.

Бұдан бұрын Абай даңғылы бойындағы экономикалық тергеу департаменті ғимаратын қоршау жұмыстары тоқтатылған болатын.

Комиссия заң бұзушылықты тіркеп, қолданыстағы талаптарға сәйкес тиісті шаралар қабылдады. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыс жүйелі жалғасып, рұқсатсыз және ретсіз құрылыс нысандарына тосқауыл қойылады.

Аймақта 442 құрылыс нысаны анықталып, оның 25-не қатысты 56 хаттама толтырылып, 11 млн. 610 мың теңге айыппұл салынды.



## ЖАРЫҚ ТАПШЫЛЫҒЫ БОЛМАЙДЫ

Оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында қолға алынған ауқымды жоба – Қызылорда қаласынан 240 МВт электр энергиясы мен 277 Гкал жылу энергиясын өндіретін жаңа жылу-электр орталығы. Құны 215 млрд. теңге болатын құрылысты Түркияның «Акса Енергу» компаниясы жүргізуде. Бүгінде орталық құрылысына 137 млрд. теңгеден астам инвестиция салынды.

Жоба аясында қуаттылығы 180 МВт болатын 2 газ-турбина қондырғысы (General Electric, АҚШ), 95 МВт-тық бу турбинасы (Doosan Skoda, Чехия), 2 бу қазандығы (AC BOILERS, Италия) мен 4 жылу қазандығы (Mimsan, Түркия) қойылады. Қазіргі кезде негізгі қондырғылар жеткізіліп, орнатылуда. Құрылыс жұмыстарының 70%-ға жуығы аяқталды.

Президент тапсырмасымен Қызылорда облысында салынатын, құны 800 млрд теңге, қуаттылығы 1100 МВт болатын бу-газ қондырғыларының құрылысы – оңтүстік өңірлердің энергетикалық тәуелсіздігіне бағытталған мегажоба. «Самұрық Энерго» компаниясы Катар инвесторымен келіссөз жүргізіп, техникалық-экономикалық негіздемесін әзірледі. Жаңа бу-газ қондырғыларын салу үшін облыс әкімдігі 280 гектар жер телімін бөлді. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өте маңызды жобаны 2028 жылы іске қосу жоспарланған.

Оңтүстік өңірлерге табиғи газ тарту мақсатында «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының екінші желісін салу көзделген. Ұзындығы 1500 шақырым болатын газ желісінің 843 шақырымы Қызылорда облысының аумағынан өтеді деген болжам бар.

## АТА ЗАҢНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫ

Қызылорда қаласындағы «Достық» үйінде еліміз Конституциясының 30 жылдығына арналған «Ата Заң – Тәуелсіздік тірегі» атты кездесу өтті. Оған Конституциялық сот судьясы Айгүл Қыдырбаева, Конституциялық Сот Аппаратының талдаушысы Алия Бердібаева, Бас прокуратура өкілі Серік Әділкенұлы, заңгерлер мен аймақ прокурорлары қатысты.

Басқосуда қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз ету, құқықтық мемлекетті дамыту, азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелері талқыланды. Жыныға облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов төрағалық етіп, қатысушыларды Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығымен құттықтады.

– «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен еліміз үшін аса маңызды саяси реформалар жүзеге асырылды. Бұл өз ретінде елдің басты заңы – Конституцияға бірқатар өзгеріс жасауды талап етті.

2022 жылы республикалық референдум өткізіліп, Ата Заңның 33 бабына 56 өзгерту енгізілді. Республикалық референдумдар, Президент, Парламент Сенаты мен Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы саяси трансформацияның нақты көрінісі болды. Осы ретте тәуелсіз сот жүйесін, қуатты құқық қорғау органдарын қалыптастыру құқықтық мемлекет құрудың басты шартына айналды. Біз осы реформалар арқылы саяси жаңғыруға, Әділетті Қазақстанды құру жолына қадам басудамыз», – деді Шахмардан Асқарұлы.

Кездесуде спикерлер мазмұнды баяндамалар жасап, қатысушылар өз пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды.

*Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен егін шаруашылығына енгізілген жаңа технологиялардың тиімділігін арттыру мәселесі талқыланған мәжіліс өтті. Аймақ басшысы жауапты сала жетекшілеріне нақты тапсырмалар беріп, инновациялық әдістерді кеңінен қолдануды, су ресурстарын үнемдеуді және мемлекеттік қолдау шараларын тиімді ұйымдастыруды жүктеді.*

## ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР – ШЫҒЫНДЫ АЗАЙТАДЫ

– «Жаңа технологияларды енгізу ауқымын кеңейте беру қажет. Бұл – өнімділікті арттырып, шығынды азайтуға мүмкіндік береді. Су үнемдейтін әдістерді, әсіресе электронды су өлшеу құрылғылары мен жерді лазерлік тегістеу технологияларын барлық ауданда қолдану керек. Шаруаларға берілген несиелер мен субсидиялардың нәтижесін қадағалап, олардың тиімді жұмсалуды бақылаңыздар», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аймақта егін шаруашылығына енгізілген жаңа технологиялардың тиімділігі байқала бастады. Заманауи әдістер шығындарды азайтып, өнім көлемін арттыруға оң әсерін тигізуде. Мысалы, аралдық шаруалар 30 жыл бойы пайдаланылмай келген алқапты айналымға қосып, бақша егіп, оны жабынды астында өсіруді қолға алды.

Жалағаш ауданының Темірбек Жүргенов ауылында үш жылдан бері қолданыстағы электронды су өлшеу қондырғысы да тиімділігін дәлелдеді. Шаруалар жерді лазерлік әдіспен тегістеп, су шығынын айтарлықтай азайтты. Осы технологияның арқасында алқапты суаруға қажет су көлемі жыл сайын қысқаруда.

Аймақ диқандары жоңышқа өсіру мен тұқым дайындауда да озық технологияларды пайдалануды жоспарлауда. Өткен жылы шаруашылықтар 5 пайызбен шамамен 10 млрд теңгеге жуық жесие алса, биыл мемлекет тарапынан 23,5 млрд теңге бөлініп, оның 12 млрд теңгеден астамы шаруашылықтарға үлестірілген. Былтыр өңірде 11 инвестициялық жоба іске асырылып, 77 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Биыл тағы 14 жоба аясында 100-ден астам адамға жұмыс орны ашылмақ. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өткен жылы су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемі 4 400 гектарға жетсе, биыл бұл көрсеткішті 9 200 гектарға дейін арттыру жоспарланған.

Аймағымыздың күріш ауыспалы егістіктерінде су үнемдеудің ең тиімді жолы – жерді лазерлік тегістеу. Топырақ беті ±5 см дәлдікпен тегістелген алқаптарда өнімділік 30%-ға артқаны және су 20%-ға үнемделгені анықталды. Биыл тегістелген жер көлемін 60 мың гектарға жеткізу үшін шаруашылықтарға 202 жер тегістегіш құрал-жабдық берілген.

## «СЫР БАРЫСЫ» КІМ БОЛДЫ?



Қызылордада ұлттық спорттың мәртебесін айшықтайтын қазақ күресінен XVI облыстық «Алтын белбеу» жарысы жалауын көтерді.

Биыл он алтыншы мәрте ұйымдастырылған дәстүрлі додаға жеті аудан, Байқоңыр мен Қызылорда қаласынан 250-ден астам балауан қатысты.

Жарыс ережесіне сәйкес қатысушылар кіші жасөспірімдер, жасөспірімдер, жастар және ересектер санатында 10 түрлі салмақ дәрежесі бойынша сынға түсті.

Көрермен әртүрлі салмақтағы белдесулерден соң түйе палуандардың сайысына куә болды. 16 спортшы бақ сынаған додада III орынды 18 жасар Султан Бейбарыс иеленіп, "Сыр сұңқары" атанды. Ал, ақтық айықта Нұрым Сәлімгереев пен Мақсат Исағабалов өзара белдесіп, "Сыр барысы" атағын Нұрым Сәлімгереев өз қанжығасына байлап, жеңімпаз атанды. II орын иеленген Мақсат Исағабалов "Сыр арланы" атағын иеленді.

Қос спортшы алдағы уақытта өтетін "Қазақстан барысы" додасында аймақ намысын қорғайды.

# БАҒЫМЫЗ БОЛҒАН БАЙҚОҢЫР...

Адамзаттың аспанға алғаш қадам жасаған киелі мекен - Байқоңыр қаласы мен ғарыш айлағына 70 жыл толды!

2 маусымда тарихи мереке кең көлемді мерекелік іс-шаралармен бастау алды.

Мерейтой аясында майдангерлерге, интернационалист жауынгерлерге және Байқоңырдың дамуына үлес қосқан ардагерлерге тағзым ретінде ескерткіштерге гүл шоқтары қойылды.

Салтанатты жиында Қазақстан Республикасы Президентінің Байқо-

ңыр кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, ҚР ЦДИАӨМ Аэроғарыш комитетінің төрағасы Баубек Оралмағамбетов, «Роскосмос» корпорациясының бас директоры Дмитрий Баканов және Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгин құттықтау сөз сөйлеп, Байқоңырдың екі ел үшін де стратегиялық маңызына тоқталды.

Байқоңыр қаласының 70 жылдық мерейтойы - бұл тек бір қаланың ғана емес, тұтас адамзаттың ғарышпен

байланысының тарихы. Осы айтулы күнге арналған мерекелік бағдарлама «Сатурн» мәдениет және кино залында жалғасын тапты.

Салтанатты жиынға аэроғарыш саласының мамандары, ардагерлер мен қала тұрғындары қатысып, Байқоңырдың тарихын бірге еске алды, болашағына үмітпен көз тастады.

Іс-шара барысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің арнайы бейнеқұттықтауы көрсетіліп, жиналғандарға ерекше әсер қалдырды. Бұл - Байқоңырдың екі ел үшін де маңыздылығы жоғары екенін дәлелдейтін жарқын сәттердің бірі болды.

ҚР Президентінің Байқоңыр кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, ҚР Аэроғарыш комитетінің төрағасы Баубек Оралмағамбетов, «Роскосмос» бас директоры Дмитрий Баканов және қала әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгин ресми құттықтау сөздерін арнады. Олар Байқоңырдың ғарыш саласындағы маңызын атап өтіп, көп жылғы еңбегімен көзге түскен азаматтарға алғысын білдірді.

Мұнан кейін Байқоңыр кешенінде табанды еңбек етіп, даму жолында аянбай тер төккен жандар марапатқа ие болды. Оларға «Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі мен «Ғарыш саласын дамытуға қосқан үлесі үшін» ведомстволық медальдер табыс етілді.



концерт ерекше көңіл-күй сыйлап, Байқоңырдың рухын асқақтатты. Өнер мен тарих тоғысқан бұл шара әр қатысушының жадында ұзақ сақталары сөзсіз.

Байқоңыр қаласының 70 жылдық мерейтойы аясында қалада ерекше тарихи-мәдени нысан - ашық аспан астындағы мұражай ашылды. Бұл - ғарыш саласындағы ұлы жетістіктер мен техникалық дамудың нақты үлгілерін көзбен көріп, тарихпен тірі байланыс орнатуға мүмкіндік беретін бірегей орын.

Мұражай экспозициясы кең аумақта орналасқан. Мұнда әр түрлі кезеңдерге тиесілі зымырандар, ғарыштық техника үлгілері, жерүсті басқару кешендерінің бөлшектері, тіпті нақты тарихи

да қойылған. Барлығы Байқоңырдың бай тарихын жан-жақты көрсетіп, оның әлемдік ғарыш кеңістігіндегі орнын айқындайды.

Бұл жай ғана техника көрмесі емес, әр экспонаттың артында адамдардың ерен еңбегі, инженерлік жаңалықтар мен батыл шешімдер жатыр. Мүзейге келген әрбір қоңақ осы атмосфераны сезініп, Байқоңырдың шынайы рухын сезіне алады.

Ашық аспан астындағы мұражай - бұл ғылым мен технологияны дәріптеп қана қоймай, жас ұрпаққа шабыт сыйлайтын, тарих пен болашақтың арасындағы алтын көпір. Ғарышқа ұмтылған адамзат арманын көзбен көруге, жанмен сезінуге мүмкіндік беретін ерекше мәдени кеңістік.



# Ақмешіт Ақшамы

## 4 бет

Байтақ казак елі өз тарихында не көрмеді? Дархан пейілді казактың біразы аштан қырылып, тағы бірсыпырасы нан іздеп шетел асып кетсе де, елде қалғаны малынан айрылып, бір үзім нанға зар болса да өзі сияқты елге аш-жалаңаш босып келген, өмірінде көрмеген бөгде халықты өзінің бауырындай қабылдап, нанымен, жылы төсегімен, үй-жайымен бөлісті. Қазак кімді қабылдамады? Киелі казак даласына кім келіп, кім кетпеді? Әуелі славян кулактары мен казактар, сосын тегі бір туысқан қарашай мен балкар, азербайджан мен қырым татарлары, түріктер, діні

Қызылорда облысы аудандарында орналасуы туралы анықтама бар. Бұл құжатқа сәйкес 1956 жылғы 6 ай мәліметі бойынша Қазалы ауданында 100, оның 40-ы Қазалы қаласында, 19-ы Абай колхозында, 28-і Амангелді колхозында, 8-і Мұратбаев колхозында, 3-і Сталин колхозында, 2-і Жаңа Қазалы қыстағында, Қармақшы ауданында, Ш-И-Интернационал колхозында 173, Сырлария ауданында 51, оның барлығы 1-май атындағы колхозда, Шиелі ауданында 263, оның 45-і Авангард, 50-і Большевик, 44-і Гигант, 16-сы Үлгілі, 16-сы Төңкеріс, 18-і Ақтоған, 34-і Ортақшыл,

# БЕРИЯ БАНДАСЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕРІ СЫР ЕЛІНДЕ ЖАЗА ӨТЕДІ

бір ингуш, шешен, курд, тегі де, діні де бөлек қалмақ пен Еділ бойындағы неміс, поляк, грек, армян, молдаван, сонау Қыыр Шығыстағы корей мен қытай казактың қасиетті де киелі даласында пана тапты.

Кенестер одағын отыз жыл басқарған «халықтар көсемі» атанған Сталиннің қазасынан кейін мемлекеттің ішіндегі мемлекет болып есептелген НКВД-ОГПУ-МГБ-МВД-ны басқарған ұлтты грузин Берия тұтқындалып, оған сол күні ату жазасы тағайындалды. Онымен бірге «Берия бандасы» аталған қылмыстық топтың мүшелері В.Меркулов, Б.Кобулов, С.Гоглидзе, П.Мешик, В.Деканозов, Л.Влодзимирскийлерге «ату жазасы» қолданылып, барлығының жұбайлары, т.б. жақындары Қазақстанға арнайы қоныстарға жер аударылды. Бір қызығы Берия бандасының ішінде бірде-бір таза орыс ұлтының өкілі жоқ. В.Меркуловтың анасы грузин, С.Гоглидзе мен В.Деканозов грузин, Б.Кобулов армян, Л.Влодзимирский поляк, П.Мешик украин ұлтының өкілі. Миллиондаған жазықсыз жазаланған кеңес адамдарын тірі немесе қаза болғаннан кейін жаппай ақтау процесі болып жатқанда мойындарында сол жазықсыз жазаланған миллиондаған адамдардың қаны бар генерал-лейтенант, генерал-полковник, армия-генералы кеңестік ең жоғарғы әскери атағындағы Сталинның бұл жеңдеттеріне қатысты ақталу үкімдері шығарылған жоқ.

РСФСР 1926 жылғы Қылмыстық Кодексінің 58-1 бабының «В» тармақшасы мен КСРО-ның 30 наурыз 1935 жылғы «Отан сатқындарының отбасы мүшелері туралы» Заңы, басқа да нормативтік актілерге сәйкес «халық жауларымен» бірге олардың отбасы мүшелері де сотталып, қоныс аударылуға тиіс болатын. Бұл санаттағы істердің көпшілігі «үштік» пен «екіліктермен қаралды. 10 маусым 1934 жылы КСРО Орталық Атқару Комитеті (ЦИК) қаулы шығарып, онда әскери оқруттар мен флоттар әскери трибуналдарға әскери қызметкерлер мен азаматтық тұлғаларға қатысты Отанын сатқандарға қатысты істерді қарауға құқық берілді. 1937 жылғы Саяси бюро шешіміне тиіс Отанын сатқандардың әйелдері 5 жылдан 8 жылға дейін лагерлерде жазасын өтеуге тиіс болды. Сол кездегі қатаң кеңес заңнамасына сәйкес Отанға опасыздық істегендері үшін әскери емес қызметкерлер де қылмыстық жауапкершілікке тартылатын. Бұл санаттағы жазасын өтеуші егерде жазасын өтеуден жалтарса, онда оның бүкіл отбасы мүшелерінің дүние-мүлкітері, үй-жайы көмпескеленіп, елдің солтүстік аудандарына қоныс аударылатын. Олардың жасөспірім балалары Москвадан тыс жерлерге интернат, балалар үйіне жіберілетін. Отбасы мүшелері қатарына сотталушының әкесі, шешесі, күйеуі, зайыбы, ұл-қыздары, аға-апалары жатқызылды.

Осыған байланысты Л.Берияның барлығы 16 адамнан тұратын жақындары, олардың қатарында анасы, әйелі, апалары, ағалары, енесі, жезделері, немере ағалары мен қарындастары, олардың шешелері қарулы күзетпен Краснояр өңірі мен Свердловск облысынан Қазақстанға қоныс ауыстыруға мәжбүр болды.

Жақында шаң басқан мұрағаттарды ақтару барысында кеңес заманында сталиндік жаппай қуғын-сүргін кезіндегі бірнеше бағалы тарихи құжаттарды жекістірдім. Бұл кезінде «аса құпиялы» құжаттар қатарына жатқызылып, бірнеше ондаған жылдар жалпыға танысуға берілмей, тек бірнеше лауазымды адамдарға ғана танысуға беріліп келген, бүгінде құпиялық маңыздылығы жойылған құжаттар «Берия бандасының» белсенді мүшелері, халық жаулары С.Гоглидзе мен П.Мешиктің жақындарына тікелей қатысты.

Сонымен қатар мұрағатта табылған Қызылорда облысында орналастырылған арнайы қоныстанушыларды тіркеуден өткізу туралы 1955 жылғы кестеге сәйкес Сырлария ауданында орналасқан 4 лагерьде 4425 қоныс аударушы орналастырылған. Басқа аудандар мен Қызылорда қаласында бұл көрсеткіштер төмендегідей: Аралда 3/1953, Шиеліде 3/3271, Қармақшыда 1/1019, Жалағашта 1/466, Теренөзекте 1/807, Қазалыда1/1299, Жаңақорғанда 1/1449, Қызылордада №597 Орталық лагерьде 1024, №598 Кіріпші зауыты лагерінде 1522, №589 ет комбинаты лагерінде 911, №600 Плотина құрылыс лагерінде 968 қоныс аударушылар жазасын өтеген.

Сондай-ақ, мұрағатта Грузия КСР-нан келген арнайы қоныстанушылардың

14-і Жөлек, 8-і Телікөл, 11-і Байтөкүм, Жаңақорғанда 256, оның 37-і Красная Звезда, 125-і Төменарық, 74-і Жаңақорған қыстағында, 1-і Қызылорда қаласында тіркелген.

Жоғарыдағы құжаттарға қарағанда Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі мен Қызылорда облысы басқармасының арасында хат алмасуға негіз болған Қызылорда облысының Қазалы ауданына қоныс аударылған «Берия бандасының» белсенді мүшелері, халық жаулары С.Гоглидзе мен П.Мешиктің жақындары болған. Олар С.Гоглидзенің әйелі, Гоглидзе Евлалия Федорқызы 1898 жылы туған, тұтқындалғанға дейін Мәскеуде тұрған, жұмыс істемеген, П.Мешиктің анасы Мешик (Раппопорт) Варвара Мартынқызы, 1875 жылы туған, тұтқындалғанға дейін Мәскеуде тұрған, зейнеткер, әйелі Мешик Софья Ильинқызы, 1918 жылы туған, Мәскеуде тұрған, жұмыс істемеген. Қазақ жерінде қиын кездерін өткізген Мешиктердің жазасын өтеп шыққаннан кейінгі тағдыры белгісіз, бір қызығы Гоглидзе ханымдар, шешесі мен қызы беріге шейін өмір сүрген. 1984 жылдың 29 қазанында Мәскеу түбіндегі Малахов қыстағында белгісіз ұрылар терезе арқылы кіріп, пәтердегі екі егде әйел кісінің басынан кірпішпен ұрып өлтіріп кетеді. Оқиға орнына келген жедел-тергеу тобы пәтердегі көптеген хрусталь, фарфор сервиздер, вазаларды, антикварлық әшекей бұйымдардың түгел екенін көріп таңқалады. Жүргізілген жедел-тергеу шаралардың нәтижесінде тонаушылар Крекшин мен Алухтин анықталып, олардың пәтерден алған үлкен алтын, күміс, платинамен толтырылған чемоданы айғақ зат ретінде алынады. Ал сонша байлықтың иесі-жәбірленушілерге келсек олар Қазалыдан Мәскеуге қайта қоныс аударған генерал С.Гоглидзенің шешесі мен қызы болып шығады.Әрине мұнша байлықты олар Қазалыдан апарған жоқ, отыз жыл НКВД-да басыы қызметте істеген кездегі жиналған аса қымбат тастар.Кезіндебаласы атылып кеткеннен кейін Бас Прокурор Р.Руденкоға, Г.Маленковқа, Н.Хрущевқа арызданып жүріп жинақ қассасындағы 160 мың сомды 16 жылғы үй қызметіндегі адамдардың жалақысы екенін жариялап, дүние-мүлкін тәркілеуден сақтап қалған болатын.Қаза болғанда әйелі 84 жаста екен, ал шешесінің жасы белгісіз.

Құжаттарға сенсек халық жауларының жақындарын сол кездегі талап бойынша қатаң бақылауда ұстағандары көрініп тұр. Орындау үшін жолданған барлық нұсқауларға тиісті бастықтармен орындау үшін белгілер қойылған.

Белгілі Украина құқық қорғаушысы А.Шлаенның зерттеуі бойынша С.Гоглидзе екі рет үйленген екен. Бірінші некедегі зайыбымен 1934 жылы ажырасқаннан кейін байланысын мүлдем үзген. Бұл некеден туған Владимир Гоглидзеұлы 1954 жылы қамалып, Қазақстанға қоныс аударылған екен. Виктор Гоглидзенің айтуы бойынша басқа ұлы Владимир 1972 жылы Батумиде қаза болған екен.

Енді жақындарын тар жол, тайғақ кешуге мәжбүр қылған, сергелдене түсіп, жайма-шұяқ, керемет, шұяқты, тұруға жайлы Кавказ бен Москваны мыңдаған шақырым жердегі жыл бойына боранды, шанды,қысы қара суық, жазы аптап ыстық, өмірі көрмеген, қара шыбыны мен масасы, сонасы, тағы да басқа қолайсыз жағдайлары жеткілікті, өркеніттен қашығырақ, қияндағы Қазалыға ауыстырға мүжбүрлеген С.Гоглидзе мен П.Мешиктің кім болғанына, олардың қысқаша өмірбаянына тоқталып өтсек.

Сергей Арсенұлы Гоглидзе 1901 жылы Грузия КСР-да дүниеге келген., әскери атағы генерал-полковник. Берияның ең сенімді өкілі, жақын серіктестің бірі, көмекшісі, қамқорлығына ие болған, оның көмегімен лейтенанттан генерал-полковникке дейін өскен. Грузиядағы жаппай қудалаудың жетекшісі. Ол 1920 жылдары Ташкентте кешікі орта мектепте оқып, Түркістан майданының революциялық трибуналында, одан кейін Бүкілодақтық Төтенше Комиссиясы (ВЧК) әскерлерінің саяси хатшылық бастығы, (ВЧК Мемлекеттік Саяси Басқармасының (ОГПУ) комиссары, кейін Кавказ Шекара қызметінде Л.П.Бериямен танысып, М.Фрунзе атындағы Әскери академиясында жоғарғы әскери командирлер құрамы білімін жоғарылатып, саяси бөлім бастығы, бастықтыңсаяси орынбасары, шекара күзеті

басқармасы мен ГПУ бастығы, ОГПУ-дың Кавказ КСФР-дағы уәкілі, Грузия НКВД-ның Басқарма бастығы.1934 жылы әуелі ЗСФСР ішкі істер Халық Комиссары (ең жас екінші дәрежелі Комиссары). Грузия НКВД үштігінің төрағасы, Ленинград облысы бойынша НКВД басқармасының бастығы.Ежовтың сенімді адамдарынан НКВД-ОГПУ орган аппаратын тазартуда белсенділік танытты. КСРО ЦК ВКП мен Халық Комиссарлары Кеңесінің (СНК) Молдавиядағы уәкілі ретінде КСРО-ға қосылған Бессарабиядан кеңес үкіметіне қарсы элементтерді жер аударға жетекшілік

етті. Гоглидзе Молдавия мен Украинадан революцияға қарсы белсенділерді, буржазия партия мүшелерін, помещик, бұрынғы полицей, жандарм, патша үкіметі мен румын әскерінің офицерлері, ірі сауда, кәсіп иелері мен олардың жанұяларын жер аударуға Сталиннің рұқсатын алып, 1941 жылдың 12-нен 13 маусымына қараған түні Қазақстан (Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда), Коми, Краснояр аймағына, Омск, Новосібір облыстарына 30 мыңнан аса адамды мәжбүрлеп көшірілуіне жетекшілік етті. Одан кейін Хабаровск аймағы мен Қыр Шығыс бойынша НКВД Басқармасының бастығы, КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Министрлігінің (МГБ) өкілі, КСРО МГБ теміржол және су көлігі Бас күзет басқармасының бастығы, КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік министрлігін орынбасары, «Дәрігерлер ісі»н қадағалады. Аздаған уақыт Әзбекстан МГБ министрі лауазымында болып, қайтадан Мәскеуге оралып, КСРО МГБ министрлігін орынбасары ретінде 3 басқарма (қарсы барлау) бастығы міндетін, кейін министрдің бірінші орынбасар лауазымын атқарды. 1953 жылы Сталинның қазасынан кейін біріктіріліп қайта құрылған Ішкі істер министрлігінің 3 басқарма (кеңес армиясы мен әскери-теніз флотының қарсы барлау қызметі) бастығы болып тағайындалды.1953 жылы 3 шілдеде Берияның тұтқындалуы кезінде Германия

**Қазақ ССР ішкі істер министрлігінің Қызылорда облысы басқармасының бастығы полковник П.И.Караваевқа 1954 жылдың 25 қыркүйегіндегі № 9/3-10565, № 2409 нұсқау**  
**Біздің осы жылғы 22/IX №9/3-10378 нұсқауымызға қосымша сіздің облысқа жер аударылған халық жауы Берия мен оның сыбайластарының отбасы мүшелеріне КСРО ІІМ-нің «П» бөлімінің осы жылғы 16/IX № 44/4-33464 нұсқауына сәйкес жер аударылғандар жеке істерінде болуы тиіс:**  
**-ІІМ органдары(біздің №9/3-10378 форма анықтамамызда көрсетілген) әкімшілік қадағалауға негіз;**  
**-Жақын туысқандар тізімі мен мекен-жайы көрсетілген анкетә;**  
**-Құқықтық ереже мен бекітілген тәртіп-тегі (КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің №35-45 жылғы қаулылары) жариялау қолхаты;**  
**-Қоныс орнынан қашу немесе рұқсатсыз тастап кету жауапкершілігі туралы қолхаты;**  
**Бұл тұлғаларға қатысты жолданған тыңшылық құжаттарды олардың жеке істерінде бөлек папкада сақтау керек. Оларды арнайы жер аударылғандар қатарына жатқызып, статистикалық деректерде №1 формаға сәйкес шартты түрде 1954 жылғы КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы КГБ мен КСРО Бас Прокуроры шешімімен жер аударылғандар қатарына жатқызуды.**

Демократиялық Республикасында іс-сапар-да жүрген жерінен ұсталып, Мәскеуге жеткізілді.

**Павел Яковұлы Мешик** 1910 жылдың 23 желтоқсанында Украинаның Сум облысында дүниеге келген.Әскери атағы генерал-лейтенант.Ақталу үкімі шықпаған.1932 жылы ОГПУ қатарына алынып, ОГПУ-дың жоғарғы мектебін аяқтаған. КСРО НКВД Мемлекеттік Қауіпсіздік Бас Басқармасының Экономика басқармасының, 3 басқарма (қарсы барлау) жедел уәкілі, НКВД Тергеу бөлімі бастығының, Бас Экономика басқармасы Тергеу бөлімінің бастығы, 1 бөлім ( өндіріс, тамақ саласы Халық комиссияраты). НКВД екіге бөлінгенде Украина Мемлекеттік Қауіпсіздігі Халық Комиссары, КСРО НКВД Экономика басқармасы мен 7 арнайы (миномёт қару өндірісімен қамтамасыз етуді қадағалау) бөлім бастығы. СМЕРШ Қарсы Барлау Бас Басқармасы бастығының орынбасары, 1-Украина майданы қолбасшысының орынбасары лауазымын атқарды. 1945 жылы Варшаға іс-сапарға жолданып, Польша Уақытша үкіметі Қоғамдық әкімшілік министршінің кеңесшісі ретінде мемлекеттік қауіпсіздік органдарының құрылуына жетекшілік жасады. 1945-53 жылдары КСРО Министрлер кеңесі жанындағы 1 Бас Басқармасы (Семей жерінде жаппай қырғып жою қаруын жасап шығару мекемелерін салумен айналысты) бастығының орынбасары ретінде құпиялық режимді қамтамасыз етумен, объектілерді күзетумен, кадр жасақтаумен айналысты. 1946-53жылдары атом өндірісімен

байланысты ерекше режимді жабық қалалар мен қыстақтарды салу, оған мамандарды тарту, мамандар мен жұмысшылардың орналасуына жағдай жасау, объектілерде өрт сөндірушілер жасақтарын құру, тиісті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету саласына бақылау жасады. 1953 жылдың наурызынан бастап Украина КСР ішкі істер министрі. Көбінесе өзінің грузин жерлестеріне арқа сүйеп, қасына жинайтын Л. Берияның серіктестері арасындағы жалғыз украин халқының өкілі. Берияның қолдауымен лейтенанттан-генерал-лейтенантқа дейін көтерілген.

үйінен табу қиыншылықтар туғызған. Оңшыл оппозиция өкілі М.Томскийдің әйелі М.Ефремова 1954 жылы лагерден оралғасын екі жылдан кейін партияға қайта қабылдауын сұрап арызданады.Бұны естіген Молотов оны лагерьге қайтаруға тапсырма береді, бірақ Н.Хрушев бұл шешімнің күшін жояды, ал бұл кезде небір қорлықты көріп қайтқан бұрынғы тұтқын әйел шылдай алмай инфарктен қаза болады.

2000 жылдың 29 мамырында Ресей Федерациясының Жоғарғы Сотының Әскери алқасы С.Гоглидзе, П.Мешик, тағы басқа да олардың сыбайластарының

# БЕРИЯ БАНДАСЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕРІ СЫР ЕЛІНДЕ ЖАЗА ӨТЕДІ

туысқандарының оларды ақтау туралы берген арыздарын қарады. Алқа ату жазасына кесілгендер Л.Берия заңсыз тапсырмаларын орындауға мәжбүр болғанымен олардың мемлекеттік қауіпсіздік органдары мен ішкі істер органдарының жауапты лауазымды тұлғалары бола тұра өздері ұдайы қызмет бабын теріс пайдаланып, жазықсыз адамдарды қамап, азаптау, оларға қатысты қылмыстық істерді бұрмалап, азаматтарды заңсыз бас бостандығынан ажырату, көптеген азаматтардың қазаға ұшырауына әкеліп соқтырған аса ауырлататын мән жағдайлар екені ескеріліп, оларды ақтауға негіз жоқ екендігін түсіндіре келе бірінші саты сот үкіміне Отанға опасыздық жасау туралы айыпты алып тастап, қалған бөлігін күшінде қалдырып, «ату жазасын» 25 жылғы бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылды.

Бала кезімде анам Қызылорда қаласының Шанхайындағы (қаланың арғы беті) кірпіш зауытының жұмысшыларына арналған дүкенде сатушы болып қызмет жасаған. Сол дүкенге жиі барғанда кеңес елінің түкпір-түкпірінен келген неше түрлі ұлт өкілдерін көретімін.Сол кезде анам олардың жер аударылғандар қатарынан екенін айтатын. Жалпы Шанхайда сол кезде бұқар өрейлері, шешен, татар, христиан цыган, кәріс, грек, славян, тағы басқа көптеген этнос өкілдері көп тұратын.Кейін олардың барлығы тарихи отандарына қоныс аударды. Қап тауынан көшіп келгендерінің небір ұрлықтары туралы еститінбіз, ұрлық олардың қанында бар ғой. Олармен шексііп, төбелесіп, бірге өстік, ешқашан жаман әдеттерін байқаған емеспін. Кейін қызмет істей бастағанда 1980 жылдардың аяғына шейін арнайы контингент «қоныс аударушыларды» еңбекке баулу, бақылап тұру үшін облыстағы арнайы құрылған коммендатуралар жұмысымен жақын таныстым.

Қазір айтылып, жазылып жүргендей, тарихи құжаттарға сәйкес казак елі кеңес мемлекетін жайлаған басқа халықтарға қарағанда жаппай қудалау, қуғын сүргінге көп ұшырады, орасан зардап шекті, оның ішінде Сыр елі, Қазалы ауданынан қаншама адам сотталды, атылды. Халыққа қырғидай тиген НКВД-ОГПУ органдары бұл нәубет заманында ерекше роль атқарды. Сол зардап шеккендердің жақындары әрине Берияның қолшоқпарына айналған С.Гоглидзе мен П.Мешиктың жақындарының өздерімен бірге бір ауданда қатар тұрып жатқанын, оларға күнделікті азық-түлік тасып, қызмет істеп жүргенін әрине білген жоқ. Ол кезде құпиялықты қатты сақтайтын, сыртқа шығармаймын деп қолқат берген жергілікті қызметкерлер жұмған ауыздарын ашпайтын. Бұл мәліметтер жеті құлықтың арғы жағында «аса құпия» айдарымен сақталғаны белгілі ғой.Бұндай ақпараттарды жергілікті қызметкерлер білмеуі де мүмкін, ол кезде көбінесе басқа, славян ұлттарынан тағайындалатын бастықтар оларға сенімсіздікпен қарайтын. Мақала жазу барысында Қазалы ауданына қоныс тепкен халық жаулары тұрған үй-жайлар туралы сұрастырғам. Бірақ олар бұзылып кеткен екен.

Қайран казак. Ата-әжелеріміз өздері аш отырса да қанатыменіз су тасыған қарлығаш секілді лагерьдегі тұтқындарға күзетшілерге білдірмей кесек шөкелеген болып, орнына күрт лақтырып, олардың аман қалуына септігін тигізгендері туралы тулыстағы Германиядағы бұрынғы тұтқын әйелдің казак халқына айтылған алғысы мен шешен қызының «казакқа алғыс» атты эні, казактардың өзеннің бергі бетіне мәйіт жерлеуге өтуге құқығы жоқ шешендер үшін өзен ортасына келіп, олардың табыттарын алып, жерлеп жатқандары әлеуметтік желілерді шулатуда. Кезінде «Егемен Қазақстанда» казак жеріне қоныс аударып, кейін еліне оралған имам асқакалдың Грозный мұражайына жәдігер есебінде ақтық шүберекке орап тасырған бір ұыс топырақ пен ескіше арабша жазылған хаты туралы жарияланған болатын. Хатта «Алла, өздері қиналып отырса да бір үзім наныммен бөлісіп, шешен ағайындарды аман алып қалып қалған казак халқына екі дүние қызықшылығы мен жақсылығын нәсіп ете көр. Казактар енді жаманшылық көрмесін...Амин. Періштелердің құлағына шалынсын.Қазак халқы соғыстан, нәубеттен аман-есен, жеріне жау көз тікпей, казак елі дамып, алдыңғы елдер қатарына шықсын деп Алладан тілейік, Ағайын» – деп жазылған екен.

**ҚОРАЗБАЕВ Хұсайын Асанұлы**  
**зангер-журналист,**  
**Ақпарат саласының үздігі.**

## ӘКІМ ЕСЕБІ КӨҢІЛДЕН ШЫҚТЫ МА?

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаевтың есепті кездесулері Тереңөзек кенті мен Асқар Тоқмағанбетов ауылында өтті. Кездесулерге облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Ембергенов, аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, аудандық

макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алғашқы орындарда. Облыс бюджеті 750 млрд. теңгеден асты. Биыл облыс аумағындағы барлық елді мекендер орталықтандырылған ауыз сумен 100 пайыз қамтамасыз етіледі.

салынатын болады. «ҚазМұнайГаз» компаниясының демеушілігімен Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі 350 орындық Оқушылар сарайы пайдалануға берілді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 28 нысан салынып,

тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсетуде, – деді Берік Әбдіғалпарұлы.

Аймақ басшысы Н.Нәлібаевтың қолдауымен ауданда ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Аудан орталығында құны 1,5 млрд. теңге болатын «Руханият» орталығының құрылысы аяқталып, ел игілігіне табысталды. Аудан халқы 100 пайыз таза ауыз сумен қамтылған. Соңғы 3 жылда 670 млн. теңгеге Тереңөзек кенті, Шаған, Қоғалыкөл, Аманкелді елді мекендерінде ауыз су желілері жаңартылды. Өткен жылы «Ауылдық денсаулық сақтауды



қоғамдық кеңес төрағасы Марат Еспенбетов, аудандық мәслихат депутаттары, дербес бөлім және мекеме басшылары қатысты.

Аудан басшысы кездесу барысында облыс көлемінде жүзеге асып жатқан жобалар мен аудандағы әлеуметтік-экономикалық жетістіктерді атап көрсетті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тікелей қолдауымен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденция қалыптасты. Өңіріміз барлық негізгі

Тұрғындарды электр энергиясымен қамту бағытында құны 11 млрд. теңгеге 38 жоба жүзеге асырылуда. Қызылорда қаласында 215 млрд. теңгеге қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын жаңа жылу электр орталығы қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Президентіміздің Катар еліндегі іс-сапарда үкіметаралық келісім шеңберінде қуаттылығы 1100 МВт, құны 800 млрд теңге болатын бу-газ қондырғысын салу келісілді. Жаңа бу газ қондырғылары Сырдария ауданының аумағында

жаңғырту» Ұлттық жобасы аясында құны 241,1 млн. теңгеге Тереңөзек кенті және Аманкелді елді мекеніндегі медициналық нысандар күрделі жөндеуден өтті. Тереңөзек кентінде 465 млн. теңгеге тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптауға арналған полигон пайдалануға берілді.

Есепті кездесулерде тұрғындар елді мекеннің өзекті мәселелерін жеткізіп, ұсыныс-пікірлерін білдірді. Аудан әкімі барлық мәселе назарда болатынын айтып, тиісті сала басшыларына тапсырмалар жүктеді.

## КАНИКУЛ – ТЫНЫМСЫЗ КЕЗЕҢ...

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаевтың төрағалығымен Ата-ана міндеті – бала тәрбиесі «Заң және тәртіп» тақырыбында кеңейтілген мәжіліс өтті. Жиынға Сырдария ауданының прокуроры Абай Өлімбаев, аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасарлары Әділхан Қанзадаев және Қасымхан Асанұлы, учаскелік полиция инспекторлары, зиялы қауым өкілдері, аудандық мәслихат депутаттары, кент және ауылдық округ әкімдері, мекеме басшылары, ата-аналар комитеті, білім, мәдениет және медицина саласының қызметкерлері қатысты.

Аудан басшысы қоғамда өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесі мен отбасы құндылықтарын сақтаудың маңыздылығын атап өтті.

– Келешек ұрпақтың тағдырына тікелей әсер ететін өзекті мәселелер – отбасылық құндылықтарды нығайту мен бала тәрбиесіне баса мән беру бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Ұстаз – ұрпаққа жол көрсететін шамшырақ. Сондықтан да педагогтың әрбір әрекеті, сөзі мен қарым-қатынасы әдеп пен адамгершілікке негізделуі тиіс. Ұстаздардың кәсіби әдебі – жас ұрпаққа үлгі боларлық басты қасиеттердің бірі. Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі. Рухани байлық пен сана-сезімнің қалыптасуы ең алдымен отбасында басталады. Ал қоғамдағы тәртіп пен тыныштықтың кепілі – заңға деген құрмет пен оны сақтау. Біздің ауданымызда да отбасындағы жастар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық фактілері әлі де кездесіп отыр. Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев осы бағытта жүйелі түрде жұмыс жасауды қатаң тапсырды. Сондықтан біз балалардың тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қарауымыз керек. Балаға тәлімді тәрбие мен лайықты білім беруде баршамыздың ұстанымымыз бір,

мүддеміз ортақ. Ол – туған елін шексіз сүйетін, өз ісіне адал, еңбекқор, ізгі ұрпақ тәрбиелеу, – деді Берік Әбдіғалпарұлы.

Білім ошақтарында тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Тәрбиеге қатысты ауданда арнайы жұмысшы тобы құрылып, білім ошақтарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын-алу іс-шаралары қолға алынған. Сонымен қатар жасөспірімдердің түнгі уақытта жүрмеуін бақылау мақсатында рейд жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылып жатыр.

Мәжілісте жастар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Қасымхан Асанұлы және білім мен тәрбие беру бағытындағы жұмыстар туралы аудандық білім бөлімінің басшысы Еркебұлан Жақып және интернет алаяқтықтың алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы Сырдария ауданы прокурорының орынбасары Ғалымжан Дүйсенбаев хабарлама жасады. Хабарламашылар оқушыларға құқық бұзушылықтардың жауапкершілігі, ұрпақ тәрбиесіне гаджеттер мен әлеуметтік желілердің кері ықпалы және тәрбиелік мақсаттағы іс-шаралар өткізіліп жатқанын жеткізді.

Келелі басқосуда мәдениет саласы ардагері, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Жантемір Айсін отбасы құндылықтары, мұғалім мен қоғам арасындағы ынтымақтастық жөнінде өз пікірін білдірді.

Мәжіліс соңында аудан әкімі Берік Сәрменбаев оқу жылының аяқталуы және білім алушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру жөнінде тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырлар берді. Сонымен қатар, алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстардың тұрақты түрде бақылауда болатынын ескертті.

## «ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» ЗАҢ ТҰРҒЫСЫНАН КӨМЕК КӨРСЕТТІ

Қазақстан Республикасының барлық аумағында «Халық заңгері» ауқымды республикалық акциясы бір мезетте өткізілді. Акцияға сырдариялықтар да белсене атсалысты.

Тереңөзек кентінде Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Талғат Нұртазаев, Қаржы мониторингі агенттігінің Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің жедел уәкілі Бибінұр

тұрғындардың барлық сұрақтарына жауап берді. Сондай-ақ, акция аясында 100-ге жуық азаматқа заң тұрғысынан көмектер көрсетілді.

Аталған акция жыл сайын 30 мамырда ұйымдастырылып келеді. Жалпы республикалық акция Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Әділет министрлігі, **Zakon.kz** желілік



Таубай, аудандық прокуратураның прокуроры Асель Төлегенова, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Қасымхан Асанұлы және де заңгерлер, адвокаттар мен мемлекеттік орган өкілдері

басылымы, «Параграф» ақпараттық жүйесі, Республикалық адвокаттар алқасы, мемлекеттік билік органдары, Қазақстанның үздік заңгерлері мен адвокаттарының ұйымдастыруымен өткізілді.

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» - ТАЗАЛЫҚ

Сырдария ауданы орталығында «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында жалпыхалықтық сенбілік жұмыстары жүргізілді.

Тазалық жұмыстарына мекеме қызметкерлері, белсенді азаматтар, ерікті жастар және аудан тұрғындары атсалысты.

Сенбілік барысында аудан әкімі Берік Сәрменбаев «Жалпы» жазғы сауықтыру лагерінің қорытынды дайындық жұмыстарымен танысты. Сондай-ақ, тазалық акциясына қатысушылар көше бойына көркейту-көгалдындыру жұмыстарын жүргізіп, аулаларды қоқыстан тазалады.

Алдағы уақытта да сенбілік жұмыстары жалғасын табатын болады. Аудан тұрғындарын абаттандыру шараларына белсене қатысуға және тазалық сақтауға шақырамыз!



## БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ ҚАЛЫС ҚАЛМАЙДЫ

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаевтың төрағалығымен әкімдік отырысы өтті. Жиынға аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Қасымхан Асанұлы, кент және ауылдық округ әкімдері, бөлім басшылары мен меншік түріне қарамастан мекеме басшылары қатысты.

Бірінші мәселе 2024-2025 оқу жылын аяқтау және балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру шаралары туралы аудандық білім бөлімінің басшысы Еркебұлан Жақып хабарлама жасады. Ағымдағы жылы жазғы каникул кезеңінде бекітілген жоспарға сәйкес балаларды сауықтыру демалысымен қамту, қорытынды емтиханға дайындық жұмыстары және жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігі туралы ақпарат берді.

Екінші мәселе денсаулық сақтау саласында атқарылып жатқан жұмыстар туралы аудандық аурухананың бас дәрігері Жалғас Үсенов баяндады. Аудандық аурухана құрамында ауысымына 250 адам қабылдайтын аудандық емхана, 10 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік - акушерлік бекет, 1 медициналық бекет жұмыс жасауда. Сонымен қатар Тереңөзек кентінде орналасқан ауруханаға қарасты 6000 шаршы метр болатын физиотерапия ғимаратына күрделі жөндеу жүргізіліп, 60 төсек орын паллиативтік медициналық көмек көрсету бөлімшесі ел игілігіне берілген.

Үшінші мәселе Қоғалыкөл ауылдық округіндегі атқарылған жұмыстар және алдағы міндеттер туралы ауылдық округ әкімі Бақытжан Рақымбеков хабарлама жасады. Елді мекенде өткен жылы бірқатар жобалар іске асқан. Атап айтқанда Қызылорда-Аэропорт-Қоғалыкөл-Шіркейлі бағытындағы 10,2 км тас жолын орташа жөндеуге мердігер «Қызылорда Жолдары» ЖШС анықталып пайдалануға берілді. О.Садықұлы көшесінің бойына құны 7 млн. 280 мың теңге спорттық ойын алаңы салынды. Сонымен қатар елді мекенді газдандыру бойынша демеушілік есебінен жобалық сметалық құжаттар әзірленді.

Аудан басшысы жазғы демалыс уақытында балалардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында барлық үйірмелердің тұрақты жұмыс жасау қажеттігін жеткізді. Сонымен қатар құқық қорғау органдары мен төтенше жағдайлар бөліміне жазғы каникул кезінде балалардың қауіпсіздігін қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Аудандық емхананың бас дәрігеріне аудандағы барлық медицина нысандарының тазалығымен қатар күтіп-ұстау жұмыстарын жүйелі жүргізуді атап өтті. Сондай-ақ, Қоғалыкөл ауылы бойынша шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында жаңа жобаларды ұсынуды тапсырды.

## “КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ КЕРЕК”

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаевтың төрағалығымен шағын және орта бизнесті дамыту жөнінде мәжіліс өтті. Мәжіліске аудан әкімінің орынбасарлары, кент және ауылдық округ әкімдері, бөлім басшылары қатысты.

Жиын барысында өңірдегі кәсіпкерлік саласының қазіргі жағдайы талқыланып, бизнесті қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар қарастырылды. Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Алмат Сәдуақасов аталған бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар мен жобалардың орындалуы жөнінде ақпарат берді.

Аудан басшысы шағын және орта бизнес аудан экономикасының негізі екенін атап, кәсіпкерлікті дамыту үшін жан-жақты қолдау көрсетуді тапсырды.

Сондай-ақ, мәжілісте бірқатар ұсыныс-пікірлері тыңдалып, кәсіпкерлерді қолдау мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берілді.

## «КІТАП ОҚЫ ДА, КЕМЕЛДЕН!»

Сырдария ауданы әкімі Берік Сәрменбаевтың қатысуымен 1 маусым – Балаларды қорғау күні аясында «Кітап оқы да, кемелден!» атты мектеп оқушылары арасында өткізілген көркем әдебиет оқу байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне арналған салтанатты іс-шара өтті. Жиынға «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов, Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда облысы өкілдігінің өкілі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Қаршыға Есімсейітова, Мәдениет саласының үздігі, үш дүркін Алтын домбыра иегері, айтыскер ақын Мұхтар Ниязов, идея авторы Сырдария ауданының Құрметті азаматы, ақын Нұрмат Мансұров, аудандық мәслихат депутаттары, оқушылар мен аудан

тұрғындары қатысты.

Аудан басшысы жас оқырмандарды Балаларды қорғау күнімен құттықтап, көркем әдебиет оқу байқауының рухани-тәрбиелік маңызын атап өтті.

– Кітап – ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани қазына, баға жетпес байлық. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Кітап – өткенді танытатын кілт, болашаққа бастайтын жол» деп атап көрсеткен. Сондықтан сарқылмас қазына саналы ұрпақ



өсірудің, ел болашағын кемел етудің кепілі саналады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Озық ойлы ұлт болудың төте жолы – кітап оқу» деп ерекше атап өтті. Аймақ басшысының қолдауымен жыл басында ауданымызда «Руханият» орталығы бой көтеріп, қазіргі заман талабына сай кітапханамыз жүйелі жұмыс жасауда. Мұнда жас ұрпақтың рухани өсуіне барлық жағдай жасалған. Дана халқымыз «Білімді мыңды жығады» деп бекіре айтпаса керек. Сіздердің білім жолындағы алғашқы жеңістеріңіз – кітаппен дос болу. Руханият пен білім жолында баршаңызға сәттілік тілеймін! – деді Берік Әбдіғалпарұлы.

Сонымен қатар іс-шараның құрметті қонақтары да өздерінің жылы лебіздерін білдірді.

Салтанатты жиынды байқаудың жүлдегерлері арнайы дипломдармен марапатталып, демеушілер ұсынған сый-сыяпаттарға ие болды.

«Кітап оқы да, кемелден!» көркем әдебиет оқу байқауы мектеп оқушылары арасында М.Әуезовтың «Қараш-қараш», «Көксере», «Оқыған азамат», «Қорғаныс күні» шығармалары бойынша, Ғ.Мүсіреповтың «Ұлпан» романы, Қ.Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» повесі, Т.Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесі және С.Сарғасқасовтың «Тәмпіш қара» повесі бойынша өткізілді.



## ЕЛДІГІМІЗДІҢ НЫШАНЫ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік тарихында айрықша маңызға ие күндердің бірі – 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер күні. Бұл күн – елдігіміздің, егемендігіміздің, тұтастығымыздың айғағы болған қасиетті рәміздеріміз – Ту, Елтаңба мен Өнұранның қабылданған күні. 1992 жылы дәл осы күні тәуелсіз Қазақстанның жаңа рәміздері бекітіліп, еліміздің тарихында ерекше бетбұрыс жасалды.

Мемлекеттік рәміздер – елдік пен бірліктің белгісі

Әрбір мемлекет өзінің тарихы мен тағдырын, рухы мен болмысын білдіретін нышандар арқылы танылып, өзгеден дараланады. Қазақстанның Мемлекеттік рәміздері де халқымыздың терең тарихи тамырынан, бай мәдениетімен, ұлттық құндылықтарынан нәр алған.

Туымыз – бейбітшілік пен бірліктің, ашық аспан мен еркіндіктің белгісі. Көк түсті мата – көк аспан астындағы кең даланы, еркіндікті бейнелейді. Тудың дәл ортасында күн шуағын төккен алтын күн мен қыран құс бейнеленген. Ал сол жағында ұлттық өрнек – «қошқар мүйіз» өрнегі орналасқан. Бұл – халқымыздың көркемдік танымын көрсететін төл өрнек.

Елтаңбамыз – ұлтымыздың тарихи мұрасын, мәдениетімізді, өмір салтымызды сипаттайды. Елтаңбаның негізгі бейнесі – шаңырақ. Ол – Отанымыздың тұтастығын, халықтың бірлігін білдіреді. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей таралған уықтар – әрбір отбасының, әрбір ұлт өкілінің бір шаңырақ астында тату өмір сүріп жатқанын көрсетеді. Ал қос пырақ – батырлықтың, ерліктің, асқақ рухтың белгісі. Елтаңбаның төбесінде алтын жұлдыз, төменгі бөлігінде «QAZAQSTAN» жазуы орналасқан.

Өнұранымыз – халқымыздың үні, жүрек лүпілі, арман-мақсаты мен ұлттық мақтаншыы. Өнұран 2006 жылы жаңартылып, Шәмші Қалдаяқовтың әуені мен Жүмекен Нәжімеденов және Нұрсұлтан Назарбаевтың сөздеріне негізделіп қабылданды. Өнұран айтылғанда кеуде керіліп, жүрек тебіреніп, әрбір азамат елге деген сүйіспеншілігін сезінеді.

Рәміздерді құрметтеу – азаматтық парыз.

Мемлекеттік рәміздер – жай ғана көркем сурет немесе әуен емес. Олар – ұлттың ар-намысы, елдің айбары. Сондықтан оларды құрметтеу – әрбір Қазақстан азаматының қасиетті борышы. Бүгінгі жас ұрпақ рәміздердің мән-мағынасын терең түсініп, оларды мақтан тұтуы тиіс.

Білім беру мекемелерінде, қоғамдық орындарда, ресми жиындарда Мемлекеттік рәміздерді қастерлеу, олардың қадір-қасиетін ұғындыру маңызды. Әр қазақ баласының жүрегінде Туға, Елтаңбаға, Өнұранға деген ерекше сүйіспеншілік болуы қажет. Себебі бұл рәміздер – біздің Отанға деген шексіз махаббатымыздың бейнесі.

4 маусым – бұл тек тарихи дата емес, бұл – елге деген махаббатты оятатын, патриоттық рухты арттыратын күн. Бұл күні еліміздің барлық өңірлерінде түрлі іс-шаралар, байқаулар, көрмелер мен салтанатты жиындар ұйымдастырылады. Мектептерде, жоғары оқу орындарында ашық сабақтар мен тәрбие сағаттары өткізіліп, рәміздердің маңыздылығы ұрпақ санасына сіңіріледі.

Мемлекеттік рәміздер – Қазақстанның егемен ел екенін білдіретін аса қастерлі нышандар. Олар халқымыздың тарихи мән тағдырын, арманы мен болашағын бейнелейді. Осы орайда, әр азамат елінің рәміздерін құрметтеп, оларды қорғауға, насихаттауға атсалысуы тиіс.

4 маусым – бұл әрбір жүректе мақтаншй сезімін тудырып, көк Тудың астында бірлікпен өмір сүріп жатқанымызды еске салар ұлы күн.

## СЗБ ЕСЕБІН ҚАМТУ САЛАСЫН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Экологиялық бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 280 бұйрығының 6-т., 1-тт. сәйкес

стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есепті (СЭҚ) қамту саласын айқындау Қазақстан Республикасының 02.01.2021 ж. №400-VI Экология Кодексінің 55-бабының 6-тармағында көзделген әзірлеуші мемлекеттік органның қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға Құжаттарды ұсынуын қамтиды.

Экология кодексінің 55-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне «Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кентінің бас жоспарын түзету» қала құрылысы жобасы бойынша стратегиялық экологиялық бағалауды қамту саласын айқындау үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға мынадай құжаттар келіп түсті:

1) *Қала құрылысы жобасының негізгі түсіндірме жазбасы;*

2) *Графикалық материалдар: «Аумақты қазіргі кезде пайдалану жоспары (қазіргі жағдай)» схемасы, «Бас жоспар (даму перспективасы)» схемасы;*

3) *Стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есепті қамту саласын айқындауға арналған жазба ;*

4) *Қала құрылысы жобасының қоршаған ортаға әсерін скрининг жасауға нәтижелері туралы қорытынды;*

5) *2025 жылғы 7 сәуірдегі мүдделі мемлекеттік органдардан консультация алу, оның ішінде қала құрылысы жобасының қоршаған ортаға әсерін скринингтеу сатысындағы ескертулер мен ұсыныстар хаттамасы;*

6) *Қала құрылысы жобасының қоршаған ортаға әсерін скринингтеу сатысында мүдделі мемлекеттік органдардан келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар;*

7) *Жергілікті атқарушы органның (Жалағаш ауданы әкімдігінің) ақпарат орналастырылған және СЭҚ бойынша есепті қамту саласын айқындау рәсімін жүргізу үшін барлық қажетті құжаттар тіркелген сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-zhalagash/press/events/details/33016?directionId=2771&lang=ru>*

**Бас жалаушысы:** «Қазақстанский ПИ «КАЗАХ-СТАНПРОЕКТ» ЖШС

**СЭБ материалдарын әзірлеуші:** «Казгипроград» І Жобалау институты жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Тапсырыс беруші:** «Жалағаш ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық

## ИНВЕСТИЦИЯ АРТЫП, ИГІЛІК ЕСЕЛЕНДІ

Қызылорда қалалық мәслихатының кезекті XXXVIII сессиясы өтті. Мәслихат отырысында 2024 жылға арналған қала, кент және ауылдық округтердің бюджеттерінің атқарылу есебі тыңдалып, 2025-2027 жылдарға арналған Қызылорда қаласының бюджетіне енгізілетін өзгерістер мақұлданды.

Сессия барысында қала әкімі Нұржан Ахатов депутаттар алдында шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінде баяндама жасап, атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлармен бөлісті. «Ел Президентінің, Үкіметтің тұрақты қолдауы мен аймақ басшысының үйлестіруінің арқасында тұрғындардың өмір сапасын арттыру бағытындағы істер жүйелі жүзеге асуда. Соның нәтижесінде барлық даму көрсеткіштерінде оң динамика қалыптасты. Жыл басында 73,1 млрд теңге көлемінде бекітілген қала бюджеті бүгінде 133,4 млрд теңгеге ұлғайды», – деді қала әкімі.

Қаланың қазіргі келбеті жаңа серпін алып, оң өзгерістермен толығып отыр. Жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға 15,3 млрд теңге бөлініп, 50 көшеде жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстары басталды. Сонымен қатар, әлеуметтік нысандар құрылысы, тұрғын үй салу мен абаттандыру жұмыстары қарқын алған. Қалада санитарлық тазалық сақтау да жақсы жолға қойылып, үлгі ретінде танылуда.

Шағын және орта кәсіпкерлік саласында да өсім байқалады. Қалада кәсіпкерлер саны 35 мыңнан асып, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 5,5 пайызға артқан. Мемлекеттік қолдау аясында жалпы құны 4,5 млрд теңге болатын 127 жоба қолдау тапқан. Ал биылғы жылы негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 323,7 млрд теңге болып жоспарланып, бұл өткен жылғы нақты көрсеткіштен 12,2 пайызға жоғары. Жыл басынан бері 84,6 млрд теңге инвестиция тартылып, бұл жылдық жоспардың 26,1 пайызына тең.

Сессия соңында «2025-2027 жылдарға арналған Қызылорда қаласының бюджетін бекіту туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2024 жылғы 18 желтоқсандағы №223-32/1 шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі қаралып, депутаттар тарапынан бір ауыздан қолдау тапты.

Жизін қорытындысы бойынша қаладағы экономикалық серпіліс пен халық игілігіне бағытталған істердің жүйелі жүргізіліп жатқанын айқын байқауға болады.

## ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ КЕШ

Қасиетті Қызылорда топырағында ұлт тарихының терең тамыры жатыр. Үш дәуірдің астанасы болған көне шаһардың XX ғасыр басындағы тағдыры мен тарихи бетбұрыстары ел есінде. Сол кезеңде Акмешіт атауынан Қызылордаға айналып, Қазақ АССР-нің астанасы ретінде мәртебе алған қаланың ұлт үшін маңызы зор. Биыл – дәл осы тарихи шешімдерге, соның ішінде халқымызға «қазақ» атауының ресми түрде қайтарылуына 100 жыл толып отыр. Осыған орай, қаламызда бірқатар рухани-мәдени шаралар ұйымдастырылуда. Солардың бірі – «Ғасыр сөйлейді» атты тарихи-танымдық кеш.

А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде өткен тағылымды кеш шымылдығын қалалық «Жастар театрының» актерлері сахналаған көрініспен ашты. Көрерменді өткен ғасыр қойнауына жетелеген көрініс кеш мазмұнын айқындай түсті.

Шараның алғы сөзін сөйлеген қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев Қызылорданың – тек тарих қойнауындағы естелік емес, бүгінде жанарып, жаңғырып, заманауи келбетке ие болып келе жатқан шаһар екенін атап өтті. Ол сондай-ақ, әділдік пен ұлт



рухын ту еткен Қызылорданың әрбір азаматы үшін мақтаныш пен аманат екенін жеткізді.

Кеш барысында ғасырлық белеске орай ел дамуына үлес қосқан ардақты азаматтарға құрмет көрсетіліп, сый-сияпат табысталды. Мемлекет және қоғам қайраткері Айтбай Көшербаев сөз алып, Қызылорданың бүгінгіне жоғары баға беріп, болашағына зор сенім артатынын айтты. Ал белгілі режиссер-сценарист, «Тұран» сыйлығының иегері, қалалық «Жастар театрының» көркемдік жетекшісі Онталап Нұрмаханов Сыр өңірінің рухани маңызына тоқталып, ұлттық театр өнерінің іргесі осы өлкеде қаланғанын ерекше атап өтті.

Өз кезегінде тарих ғылымдарының кандидаты, Ө.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхананың директоры Нұрлыбек Мынжас тың деректер мен тарихи дәйектерге негізделген мазмұнды ойларын ортаға салды. Сонымен қатар Қызылорда облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығының директоры Ергазы Алданазаров шаһардағы көне ғимараттардың шежірелі тарихына шолу жасады.

Кештің көркемдік мазмұны да жоғары деңгейде

болды. Махмұтбай Әміреєвтің сөзіне жазылған Тәнірберген Қалауовтың «Қызылорда валыс», Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» әні мен Рамазан Таймановтың «Қызылорда» әні қала өнерпаздарының орындауында шырқалды. Сонымен қатар, Қызылордаға арналған өлеңдер көркем сөзбен оқылып, күйші Руслан Бұрабайдың «Қызылорда» күйі орындалды.

«Ғасыр сөйлейді» – өткенге тағзым, бүгінге баға, ертеңге сенім. Бұл кеш – ұрпақ санасына рух пен тарихты сіңіретін, елдігімізді еске салып, бірлік пен болашаққа деген үмітті еселей түскен маңызды оқиға болды.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ ОБ ОПРЕДЕЛЕНИИ СФЕРЫ ОХВАТА ОТЧЕТА СЭО

В соответствии с пунктом 6, подпунктом 1 Приказа Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 30 июля 2021 года № 280 «Об утверждении Инструкции по организации и проведению экологической оценки» **определение сферы охвата** отчета по стратегической экологической оценки (СЭО) включает представление государственным органом-разработчиком уполномоченному органу в области охраны окружающей среды Документов, предусмотренных пунктом 6 статьи 55 Экологического Кодекса №400-VI от 02.01.2021 г. Республики Казахстан.

Согласно пункту 6 статьи 55 Экологического кодекса в Министерстве экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, для определения сферы охвата стратегической экологической оценки по градостроительному проекту «Корректировка генерального плана поселка Жалағаш Жалағашского района, Кызылординской области» в уполномоченный орган в области охраны окружающей среды поступили следующие документы:

1) *Основная пояснительная записка градостроительного проекта;*

2) *Графические материалы: Схема «План современного использования территории (существующее положение)», Схема «Генеральный план (перспектива развития)»;*

3) *Записка для определения сферы охвата отчета по стратегической экологической оценке;*

4) *Заключение о результатах скрининга воздействий на окружающую среду градостроительного проекта;*

5) *Протокол консультаций с заинтересованными государственными органами от 7 апреля 2025 года, в том числе замечания и предложения на стадии скрининга воздействий на окружающую среду градостроительного проекта;*

6) *Ответы на замечания и предложения, поступившие от заинтересованных государственных органов на стадии скрининга воздействий на окружающую среду градостроительного проекта;*

7) *Ссылка на сайт местного исполнительного органа (Акимата Жалағашского района): <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-zhalagash/press/events/details/33016?directionId=2771&lang=ru>, где размещена информация и прикреплены все необходимые Документы для проведения процедуры определения сферы охвата отчета по СЭО.*

**Генеральный проектировщик:** ТОО Казах-станский ПИ «КАЗАХСТАНПРОЕКТ»

**Разработчик материалов СЭО:** Товарищество с ограниченной ответственностью «Проектный институт «Казгипроград»І.

5.06.2025 жыл

### ЖАҢА ОРЫНБАСАР

Қызылорда қаласы әкімінің орын-басары лауазымына **Қарымсақов Қанат Бекболатұлы** тағайындалды. Бұл жайлы қала әкімі Нұржан Ахатов кадрлық өзгерістерге байланысты өткен актив отырысында ресми түрде хабарлады.



Шаһар басшысы жаңа орынбасарына сәттілік тілей отырып: «Қанат Бекболатұлы – сізге жауапкершілігі зор салалар сеніп тапсырылып отыр. Бұл міндеттерді абыроймен атқарады деп сенеміз. Жаңа қызметіңіз құтты болсын!» – деді.

Қанат Қарымсақов – 1983 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мем-лекеттік университетінде «Мұнай және газ кен орындарын игеру» мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын 2001 жылы «Тұран Газ» серіктестігінде жұмысы ретінде бастаған ол, 2009-2022 жылдар аралығында «Байқоңыр газ» және «Қызылорда газ» серіктестіктерінде бас директор қызметтерін атқарды. Соңғы жылдары «Жаңа құрылыс-2022» серіктестігінің құрылтайшысы болды.

Жаңа қызметінде Қанат Бекболатұлына құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, тұрғын үй инспекциясы сияқты маңызды салаларға жетекшілік ету тапсырылды.

Сол күні өткен актив жиынында тағы бір ерекше сәт болды. Қызылорда қаласы әкімі аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бас инспекторы Жанар Қуанышбайқызы Сақпенбетова зейнет демалысына шықты. Шаһар басшысы Жанар ханымның 30 жылға жуық үздіксіз еңбегін жоғары бағалап, оған Қызылорда қаласының ең жоғары марапаты – «Құрмет» грамотасын табыстады.

Ұзақ жылдық адал еңбектің лайықты бағалануы – ұрпаққа үлгі, еңбекке құрмет!

# ЕЛУ ЖЫЛДА ЖАҢАДАН САЛЫНҒАН КОЛЛЕДЖ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесінде Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимараты ел игілігіне табысталды. Салтанатты шараға Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбенов, Мұрат Ергешбаев, академик, жерлесіміз, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев пен «Саутс-Ойл» мұнай компаниясының басшысы Серікжан Сейтжанов, зиялы қауым өкілдері қатысты.

бар Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі Сыр топырағында ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан мәдени мұраның, ұлттық өнердің кемелденуіне зор үлес қосып келеді. Бүгінге дейін оқу орны талапқа сай келмейтін ескі ғимаратта қиындықтарға қарамастан жастарға білім беріп, өнерге баулыды. Жаңа ғимаратта студенттерге барлық жағдай жасалған. Үлкен концерт, би залдары, хор бөлмесі бар. Кең музыкалық пендік кабинеттер жаңа заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Материалдық-техникалық базасы заман талабына сай келетін 200 орындық жатақхана шалғай елді мекеннен келген жас өрендерді қабылдауға дайын. Күн сайын жаңарып, жасарған Сыр өңірінің жаңа

ризашылығымды білдіремін. Бұл ұлтымыздың тарихи «Қазақ» атауының қайтарылғанының, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанының 100 жылдық мерейтойына үлкен тарту болды. Жаңа нысан баршамызға құтты болғай!», - деді Н.Нәлібаев. Салтанатты шарада Серікжан Сейтжанов пен Руслан Рүстемов жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтап, ізгі тілектерін жеткізді. Президентіміздің «Туған жерді бірге түлетейік!» үндеуі аясында кәсіпкер-меценаттар, қоғамдық қорлар бұл бастаманы қолдап, Сыр өңірін көркейтуге өз үлестерін қосуда. Бүгінде аймағымызда демеушілікпен 55 млрд. теңгеден астам қаржыға жаңа жобалар жүзеге асып келеді.



Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев жаңа ғимаратта өнерлі жастар тәрбиелене беруіне тілек білдірді. Аймақ басшысы өнер қайраткерлерінің лайықты ізін жалғайтын өнер ордасының Сыр мәдениетінің қарашаңырағына айналғанын атап өтті. – «Елу жылға жуық тарихы

келбетіне көрік берген музыкалық колледждің ғимаратын салуға демеушілік жасап, қолдау көрсеткені үшін «Саутс-Ойл» компаниясының басшысы, елімізге белгілі меценат Серікжан Сейтжанұлына барша Сыр жұртшылығының, өзіміздің атымынан шынайы

Жақында «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры қолдауымен денешынықтыру- сауықтыру кешенінің құрылысы басталды. Биылғы Ассамблеяның 30 жылдығы аясында «Қазатом-өнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының қолдауымен жаңадан «Достық үйі» бой көтеруде.

# ӨТКЕННІҢ ЖАҢАРҒАНЫ

Қызылордада облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңа ғимараты салтанатты түрде ашылып, ел игілігіне табысталды. Басқосуға Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбенов, Мұрат Ергешбаев, академик, жерлесіміз, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев, «Самұрық - Қазына» Ұлттық компаниясының басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов, «Статус Ойл» мұнай компаниясының басшысы Серікжан Сейтжанов пен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Экспонаттарды таныстыру үшін заманауи технологиялар, жасанды интеллектінің жаңа мүмкіндіктері қолданылды. Облыстық тарихи-өлкетану музейінің салынуына «Самұрық - Қазына» Ұлттық компаниясы өз үлесін қосты. Заманауи жаңа ғимарат ұлтымыздың тарихи «Қазақ» атауының қайтарылғанының, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанының 100 жылдық мерейтойына, облыстық музейдің 85 жылдығына керемет тарту болды. Киелі «Сыр елі – жыр елінің» мәдени қазынасы арта берейі!», - деді Н.Нәлібаев. Салтанатты шарада Наурызбай Байқадамов игі тілегін жеткізді.



Аймақ басшысы жаңа ғимараттың ұлт руханиятына қызмет етіп, мәдени мұралардың ордасына айналуына тілегін білдірді. – “Бүгін - аймағымыз үшін тарихи сәт, айтулы күн. Қасиетті Сыр өңірі – астаналар мекені, ұлт руханияты мен мәдениетінің алтын діңгегі. Президентіміз бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы болған Сыр өңірін алтын бесікке теңеп, айрықша бағасын берді. «Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр өңірінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен байыпты бастамалар қолға алынып, жасампаз жобалар іске асуда. Аймағымыздың сәулеттік келбеті жаңарып келеді. Мәдениет саласында жаңа жобалар жүзеге асуда. Өнер және руханият саласының майталмандарына әлеуметтік қолдау көрсету басты назарымызда. Жыл сайын мәдениет, өнер, әдебиет өкілдерін қолдау мақсатында «Туран», журналист қаламгерлерге «Жебе» сыйлығын табыстау дәстүрге айналды.

Өткен жылы өңірімізде жарияланған «Руханият жылы» аясында барлық 7 ауданда 11 млрд. 500 млн. теңгеге «Руханият орталықтары» салынып, ел игілігіне табысталды. Бұл жерде ұлтымыздың құндылықтары дәріптеліп, салт-дәстүрлеріміз кеңінен насихатталуда. Облыс орталығында «Анаға тағзым», «Отбасы орталығы», «Өнер орталығы», балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы салынып, іске қосылды. Биыл Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Қызылорда қаласында «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының қолдауымен құны 3 млрд.800 млн.теңгені құрайтын «Достық үйі» бой көтеруде. Өткен жылы алғаш рет мәдениет саласының өкілдеріне жаңадан көпқабатты тұрғын үй салынып, 40 қызметтік пәтер табысталды. Симфониялық оркестр, инклюзивті театр, жастар театры, заманауи би, хор ұжымдары жасақталып, Жыраулар үйі ашылды.

# ПАРК ЖАҢАРДЫ...

1- маусым балаларды қорғау күні қайта жаңғыртудан өткен қалалық мәдени-демалыс паркінің ашылу рәсімі өтті. Оған Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, академик, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, физика-математика ғылымдарының докторы, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев арнайы қатысты.

Рәсімде Премьер-министрдің орынбасары Ермек Беделбайұлы алғы сөз сөйледі. Аймақ басшысы жиналған қауымды Балалар күнімен және мәдени-демалыс паркінің қайта жаңғыртудан кейінгі ашылуымен құттықтады. – “Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ұл-қыздарымыздың парасатты, жан-жақты болып өсуіне жағдай жасау, жас азамат-

математика мектеп-интернаты, музыкалық колледждің жаңа ғимараты, облыстық тарихи-өлкетану музейі ашылуда. Бұл ұлтымыздың «Қазақ» атауының қайтарылғанының, Қызылорданың Қазақ елінің астанасы болғанының 100 жылдық мерейтойына үлкен тарту болды. Жаңа, әсем, заманауи парктің құрылысын сапалы жүргізіп, мерзімінде пайдалануға берген елімізге белгілі «BI GLOBAL» компаниясының ұжымына Сыр жұртшылығының, өзіміздің атымынан шынайы алғысымды білдіремін. Егемен елімізді дамыту жолындағы абыройлы істеріміз, өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі ерелі жұмыстарымыз табысты болсын! Балаларымыз аман, еліміз тыныш, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Мереке құтты болсын!», - деді Нұрлыбек Машбеқұлы. Жиында Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетұлы құттықтау сөз сөйледі. Жобаны сапалы әрі уақытылы салып бітірген мердігер мекеме «BI GLOBAL» жауапкершілігі



тарымыздың құқығын қорғап, денсаулығын сақтау - мемлекетіміздің басты міндеті, - деген болатын. Бүгін - аймағымыз үшін айтулы күн. Мерекеге орай қайта жаңғыртудан өткен қалалық мәдени-демалыс паркі, физика-

шектеулі серіктестігінің қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Президент саябағын, Батырхан Шөкенов атындағы парк пен Қорқыт ата мемориалды аллеясын жаңғырту жұмыстары қарқын алған.

# ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫ – ДАРЫНДЫЛАР ОРДАСЫ



Қызылордада физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернатының ашылу рәсімі өтті. Оған Қазақстан Республикасы Премьер-министрдің орынбасары Ермек Көшербаев, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мәжіліс депутаттары Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, академик, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, физика-математика ғылымдарының докторы, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев, «Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қорының президенті Дархан Өте арнайы қатысты. Рәсімде Премьер-министрдің орынбасары Ермек Беделбайұлы алғысөз сөйледі. Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа білім ошағының ашылуымен құттықтады. – “Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономикамыз дамытудың басты құралы. Жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті», - деген болатын. Еліміздің болашағы жастарымызға сапалы білім, саналы тәрбие беруге бағытталған жүйелі жұмыстар атқарылуда. Аймағымызда

соңғы үш жылда білім беру саласына бөлінген қаржы көлемі 304 млрд. 600 млн. теңгені құрап, 32 пайызға артты. Біздің ең бірінші міндетіміз - балаларымыздың білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыру. 2023 жылы Қызылорда қаласындағы 4 мектепке 1 850 орындық қосымша құрылыс салу есебінен үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты. Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы: «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды», - деп атап өткендей, жаңа білім ғимаратынан алдыңғы буынның ізгі жолын жалғаған білімді, талантты шәкірттер шығатынына сеніміміз мол. Санасы сергек, ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті оқушыларымыз көп болғай.”, - деді Н.Нәлібаев. Іс-шарада академик, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Серкүлұлы, Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Абдуламұлы, Мұрат Бақтиярұлы құттықтау сөз сөйледі. Физика-математика лицей-интернатының құрылысын сапалы жүргізген құрылысшылар мен білім саласы қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Президентіміздің бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 3 мың орындық 6 мектеп ел игілігіне берілді. Тағы 4 мектеп биыл жаңа оқу жылында іске қосылады.